

КАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

I. ЖАНСУГІРОВ атындағы ЖЕТІСУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ
1997ж. бері жарияланады
Жылына 4 рет шығады



ЖЕТЫСУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени И. ЖАНСУГУРОВА

ВЕСТНИК

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Издается с января 1997 года
Периодичность – 4 раза в год



ZHETYSU STATE UNIVERSITY named after ILYAS ZHANSUGUROV

BULLETIN

SCIENTIFIC JOURNAL
Founded in 1997
Published 4 times a year

№4(92)

Талдықорған, 2019

ЖМУ ХАБАРШЫСЫ
Ғылыми журнал

1997ж. бері шығарылады
ҚР ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінде қайта тіркелген.

Қуәлік № KZ42VPY00015763
8 қазан 2019 ж.
ISSN 2616-8901

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Бас редактор

География ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі

Қ.М. Баймырзаев

Бас редактордың орынбасары – техника ғылымдарының
докторы, профессор **Е.С. Андасбаев**

Жауапты хатшы – биология ғылымдарының кандидаты, доцент

А.С. Бахтаулова

Редколлегия мүшелері:

Калдияров Данияр Алтаевич – экономика ғылымдарының докторы,
Еуразия халықаралық экономикалық академиясының академигі
(Қазақстан)

Байғабатова Назгуль Кажимуратовна – тарих ғылымдарының
кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., ESCAS және
тарихшылар Ассоциациясының мүшесі (Қазақстан)

Карпова Елена Викторовна – психология ғылымдарының докторы,
профессор (Ресей Федерациясы)

Килевая Людмила Тимофеевна – филология ғылымдарының
докторы (ЕС жүйесі бойынша гуманитарлық ғылымдарының
хабилитат докторы), профессор (Польша)

Майлыбаева Гулмира Сабыровна – Ph.D, қауымдастырылған
профессор м.а., (Қазақстан)

Петер Финке (Peter Finke) – профессор (Швейцария)

Томм Розанн Янг (Tomme Rosanne Young) – Ph.D (США)

Утегенов Ерлан Казбекович – педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор м.а. (Қазақстан)

Федоров Александр Иванович – педагогика ғылымдарының
кандидаты, доцент (Ресей Федерациясы)

Редакция алқасының мекенжайы: 040009, Талдықорған қ., Жансүгіров көшесі
187А, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Ғылым және
стратегиялық даму орталығы. 309 каб.

e-mail: zhgu_nauka@mail.ru, **сайт:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Жауапты редактор – Мурыгина С.И.

Компьютерлік калыптаушы – Мұканова А.Н., мұқабаның дизайнері – Пеньков В.В.

Басуға 16.01.2020 ж. қол қойылды. Әріп түрі «Korinna.kz, Times New Roman». Қалыбы 60x84/8. SvetoCopy
қағазы. Таралымы 100 дана. Ш.т.б. 18.37.

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ баспа бөлімінде шығарылды

Тапсырыс № 00272

Тапсырыс беруші файлынан басылды

ВЕСТНИК ЖГУ
Научный журнал

Издаётся с 1997 года
Перерегистрирован Министерством
информации и общественного
развития Республики Казахстан

Свидетельство № KZ42VPY00015763
от 8 октября 2019 г.
ISSN 2616-8901

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

доктор географических наук, профессор, академик НАН РК
Қ.М. Баймырзаев

Зам. главного редактора – доктор технических наук, профессор

Е.С. Андасбаев

Ответственный секретарь – кандидат биологических наук, доцент

А.С. Бахтаулова

Члены редколлегии:

Калдияров Данияр Алтаевич – доктор экономических наук, профессор, Академик Международной экономической академии Евразии (Казахстан)

Байгабатова Назгуль Кажимуратовна – кандидат исторических наук, и.о. ассоциированного профессора, член ESCAS, член Ассоциации историков (Казахстан)

Карпова Елена Викторовна – доктор психологических наук, профессор (Российская Федерация)

Килевая Людмила Тимофеевна – доктор филологических наук (хабilitированный доктор гуманитарных наук по системе ЕС), профессор (Польша)

Майлыбаева Гулмира Сабыровна – Ph.D, и.о. ассоциированного профессора (Казахстан)

Петер Финке (Peter Finke) – профессор (Швейцария)

Томм Розанн Янг (Tomme Rosanne Young) – Ph.D (США)

Утегенов Ерлан Казбекович – кандидат педагогических наук, и.о. профессора (Казахстан)

Федоров Александр Иванович – кандидат педагогических наук, доцент (Российская Федерация)

Адрес редакционной коллегии: 040009, г. Талдыкорган, ул. Жансугурова 187 А, Жетысуский государственный университет им. И. Жансугурова, Центр науки и стратегического развития, каб. 309.

e-mail: zhgu_nauka@mail.ru, **сайт:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Ответственный редактор – Мурыгина С.И.

Компьютерная верстка – Муканова А.Н., дизайн обложки – Пеньков В.В.

Подписано в печать 16.01.2020 г. Гарнитура «Corinna.kz, Times New Roman». Формат 60x84/8. Бумага Svetocopy. Тираж 100 экз. Усл.п.л. 18.37.

Отпечатано в издательском отделе ЖГУ им. И. Жансугурова.

Заказ № 00272

Распечатано с файла заказчика

BULLETIN of the ZhSU
Scientific journal

Founded in 1997
Re-registered by the Ministry
of information and public development
of the Republic of Kazakhstan.

Certificate No. KZ42VPY00015763
dated October 8, 2019

ISSN 2616-8901

EDITORIAL BOARD

Main Editor

Doctor of Geographical sciences, Professor, Honorary academician of
the NAS RK

K. Baimyrzayev

Deputy main Editor – Doctor of Technical sciences, Professor

Ye. Andasbayev

Responsible secretary – Candidate of Biological sciences, Associate
Professor **A. Bakhtaulova**

Editorial board members:

Daniyar Kaldiyarov – Doctor of Economic sciences, Professor,
Academician of the International economic academy of Eurasia (Kazakhstan)

Nazgul Baigabatova – Candidate of Historical sciences, Acting Associate
Professor, member of ESSAS, member of the Association of historians
(Kazakhstan)

Yelena Karpova – Doctor of Psychological sciences, Professor (Russian
Federation)

Lyudmila Kil'evaya – Doctor of Philological sciences (habilitated doctor of
Humanities in the EU system), Professor (Poland)

Gulmira Mailybayeva – Ph.D, Acting Associate Professor (Kazakhstan)

Peter Finke – Doctor of Sciences, professor (Switzerland)

Tomme Rosanne Young – Ph.D (USA)

Yerlan Utegenov – Candidate of Pedagogical sciences, Acting Professor
(Kazakhstan)

Alexander Fedorov – Candidate of Pedagogical sciences, Associate
Professor (Russian Federation)

Postal address: 040009, Taldykorkan, 187A Zhansugurov str., Zhetysu state university
named after I. Zhansugurov, Science and strategic development center, office 309.

e-mail: zhgu_nauka@mail.ru; **web-site:** <http://vestnik.zhgu.edu.kz/>

Responsible Editor – S.I. Murygina

Desktop publishing – A.N. Mukanova, Cover Design – V.V. Pen'kov

Signed in print 16.01.2020 r. Typeface «Korinna.kz, Times New Roman». Format 60x84/8. Paper SvetoCopy.

Circulation 100 copies. Volume 18.37. pr. sh.

Printed in the ZhSU named after I. Zhansugurov Publishing house.

Order No. 00272

Printed from customer file

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Есенгабылов И.Ж., Абдуалшева Р.Е. МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ОҚЫШ БЛУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ.....	10
Забиева К.Қ., Сейтова С.М. WEB-ТЕХНОЛОГИЯЛАР МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ БІР ЖОЛЫ.....	18
Құрманғажы Г., Тәжібаева С.М., Мұсабеков Қ.Б., Жақыпбаев Б.Е., Сыдықбаева С.А. ОПОКА САЗЫНЫҢ АДСОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ.....	23
Кожашева Г.О., Жетписбаева З.Ғ. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	28
Криванкова Л.С. ИСПОЛЬЗОВАНИЕ МЕТОДА ПРОЕКТА НА УРОКАХ ПРОГРАММИРОВАНИЯ.....	32
Нургабыл Д.Н., Шакен М.М. ДЕЯТЕЛЬНОСТНЫЙ МЕТОД В ОБУЧЕНИИ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ.....	37
Нусупов М.С., Байзакова А.М. БӘСЕКЕЛІ БАҒДАРЛАМАЛАУ ҚИЫНДЫҚТАРЫ ЖӘНЕ КІРІСПЕ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ЕРЕКШІЛІКТЕРІ.....	42
Омаров Ж.А., Имашев А. АЛГЕБРА ПӘНІ БОЙЫНША ОЛИМПИАДА ЕСЕПТЕРІН ШЕШУДІҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	51
Рахымбеков А.Ж., Даукенова А.А., Қапиев А. ФИЗИКАДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ.....	56
Сейтова С.М., Сейткәрімова С.Е. БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН ЗАМАНАУИ ӘЛЕМГЕ САЙ ДАЙЫНДАУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	61
Серіков Б., Кабдуалшев Д.К. БЕТ-ӘЛПЕТТІ ТАҢУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ТАЛДАУ....	67
Смагулова Л.А., Турсынов Н. PHP-ДЕ MYSQL ДЕРЕКТЕР ҚОРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	71

Шалтабаев А.А., Майкина Г.Б., Нұрмұханбетов С.М. РУТНОН БАҒДАРЛАМАСЫНДА ТАРМАҚТАЛУ ОПЕРАТОРЛАРЫМЕН ЖҰМЫС	75
--	----

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ

Акмуллаева А.С., Смадилова А.Қ., Абсейтов Т.М. ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ КӨКӨНІС ЗИЯНКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАРСЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БИОПРЕПАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ	86
--	----

Andasbayev Y., Idrissova A., Kanagatov Zh., Tokpanov Y., Selim L. DETERMINATION OF THE QUALITY AND LEVEL WATER POLLUTION IN THE NATIONAL NATURAL PARKS OF ALMATY REGION	92
---	----

Қанағатов Ж.Ж., Асханбаева А.Т., Вихрова Е.В., Токанбаев А.Е. ҚАРАТАЛ ӨЗЕНІНІҢ АУЫР МЕТАЛДАРМЕН ЛАСТАНУЫНЫҢ ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРІ	97
---	----

Қанағатов Ж.Ж., Асханбаева А.Т., Вихрова Е.В., Сеитова Г.А. ИССЛЕДОВАНИЕ ШУМОВОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ В ГОРОДЕ ТАЛДЫКОРҒАН	101
--	-----

Қанағатова А.У., Білісбекқызы Е. «ЖОҢҒАР АЛАТАУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҰТТЫҚ ТАБИҒИ БАҚТА ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ЖОБАСЫ	105
--	-----

Қанаева З.Қ., Елдосұлы С. РЕКУЛЬТИВИРЛЕНГЕН ТЕКЕЛІ ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫНЫҢ ТОПЫРАҒЫНДА ӨСЕТІН ӨСІМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ	111
--	-----

Maussumbaeva A., Atabaeva A., Sapargalieva K. THE EFFECT OF GRAZING ON ABOVE-GROUND AND UNDERGROUND ORGANS OF SALSOLA ORIENTALIS S.G. GMEL	118
--	-----

Оксикбаев Б.К., Сапаргалиева К.Б., Төлегенқызы Ә. ТҮРЛІ ЖАСТАҒЫ ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҚАН АЙНАЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ	122
---	-----

Тоқпанов Е.А., Биржанова З., Уқушева Т.К. «ҚОССОР» КЕН ОРЫНЫНДАҒЫ БАЛШЫҚТАРДЫҢ ЕМДІК- САУЫҚТЫРУ РЕКРЕАЦИЯСЫН ДАМЫТУҒА МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ГИГИЕНАЛЫҚ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ	126
--	-----

Ualiyev N., Ulman M., Satkulov B. THE ROLE OF ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN THE DEVELOPMENT OF TOURISM INDUSTRY IN KAZAKHSTAN	132
--	-----

CONTENT

ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ – TECHNICAL SCIENCES

Yessengabylov I., Abdualiyeva R. THE USE OF COMPUTER TECHNOLOGY IN THE STUDY OF GEOMETRIC MATERIALS IN THE COURSE OF MATHEMATICS.....	10
Zabiyeva K., Seitova S. WEB TECHNOLOGIES ARE ONE OF THE WAYS TO INTRODUCE STUDENTS TO CREATIVITY IN THE PROCESS OF TEACHING MATHEMATICS.....	18
Kurmangazhy G., Tazhibayeva S., Musabekov K., Zhakipbaev B., Sydykbayeva S. THE ADSORPTION PROPERTIES OF THE CLAY FLASK.....	23
Kozhasheva G., Zhetpisbayeva Z. EFFICIENCY OF USING INFORMATION AND COMMUNICATION TECHNOLOGIES IN TEACHING MATHEMATICS IN THE FRAMEWORK OF UPDATED EDUCATION.....	28
Krivankova L. USAGE OF THE PROJECT METHOD AT PROGRAMMING LESSONS.....	32
Nurgabyl D.N., Shaken M.M. ACTIVITY METHOD IN TEACHING FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS.....	37
Nussupov M., Baizakova A. COMPETITIVE PROGRAMMING CHALLENGES AND FEATURES OF INTRODUCTION TOPICS.....	42
Omarov Zh., Imashev A. EFFECTIVE METHODS FOR SOLVING OLYMPIAD PROBLEMS IN ALGEBRA.....	51
Rakhimbekov A., Daukenova A., Kapiev A. APPLICATION OF INNOVATIVE METHODS IN PHYSICS.....	56
Seitova S., Seitkarimova S. REQUIREMENTS FOR THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS TO THE MODERN WORLD.....	61
Serikov B., Kabdualiyev D. COMPARATIVE ANALYSIS OF FACE RECOGNITION METHODS.....	67
Smagulova L.A., Tursynov N. FEATURES OF WORKING WITH MYSQL DATABASES IN PHP.....	71
Shaltabayev A., Maikina G., Nurmukhanbetov S. WORKING WITH BRANCH OPERATORS IN THE PROGRAM PYTHON.....	75

ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ – NATURAL SCIENCES

Akmullayeva A., Smadilova A., Abseitov T. RESEARCH OF INFLUENCE PESTS OF VEGETABLES AND BIOLOGICAL PREPARATIONS APPLIED AGAINST THEM IN GREENHOUSES.....	86
Andasbayev Y., Idrissova A., Kanagatov Zh., Tokpanov Y., Selim L. DETERMINATION OF THE QUALITY AND LEVEL WATER POLLUTION IN THE NATIONAL NATURAL PARKS OF ALMATY REGION.....	92
Kanagatov. J., Askhanbaeva A., Vikhrova E., Tokanbaev A. IMPACT OF HEAVY METAL POLLUTION OF THE KARATAL RIVER ON THE ENVIRONMENT.....	97
Kanagatov. J., Askhanbaeva A., Vikhrova E., Seitova G. RESEARCH OF NOISE POLLUTION IN TALDYKORGAN.....	101
Kanagatova A., Bilisbekkyzy E. PROJECT OF ETHNOGRAPHIC TOURISM IN THE STATE NATIONAL NATURAL PARK " ZHONGAR ALATAU».....	105
Kanayeva Z., Eldosuly S. STUDY OF PLANT ASSOCIATIONS GROWING IN THE AREA OF THE TEKELI TAILINGS DAM.....	111
Maussumbaeva A., Atabaeva A., Sapargalieva K. THE EFFECT OF GRAZING ON ABOVE-GROUND AND UNDERGROUND ORGANS OF SALSOLA ORIENTALIS S.G. GMEL	118
Oxikbayev B., Sapargalieva K., Tolegenkyzy A. ASSESSMENT OF FUNCTIONAL INDICATORS OF THE BLOOD CIRCULATION SYSTEM OF TEACHERS OF DIFFERENT AGE.....	122
Tokpanov Ye., Birzhanova Z., Ukusheva T. ASSESSMENT OF MICROBIOLOGICAL AND SANITARY-HYGIENIC SUITABILITY FOR THE DEVELOPMENT OF THERAPEUTIC RECREATION OF MUD AT THE KOSSOR.....	126
Tokpanov Ye., Birzhanova Z., Ukusheva T. ASSESSMENT OF MICROBIOLOGICAL AND SANITARY-HYGIENIC SUITABILITY FOR THE DEVELOPMENT OF THERAPEUTIC RECREATION OF MUD AT THE KOSSOR.....	132

**ТЕХНИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР**

**ТЕХНИЧЕСКИЕ
НАУКИ**

**TECHNICAL
SCIENCES**

МАТЕМАТИКА КУРСЫНДАҒЫ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ОҚЫШ БІЛУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Есенгабылов И.Ж., Абдуалиева Р.Е.

Бұл зерттеу жұмысында 5-6-шы сыныптардың оқушыларын математикалық есептерді шығара білуге үйрететін педагогикалық бағдарламалық құралдарды құру тәжірибесі сипатталған. Мұндай тәсіл компьютерде есептің шарттарын модельдеу арқылы оқушыларда жалпы біліктіліктердің қалыптасуына, есеп құрылымының негізгі ерекшеліктерін оқып-үйренуге негізделген. Сонымен қатар, бұл жұмыста компьютерлік техниканы оқыту үрдісінде қолданудың проблемасының әртүрлі жақтары қарастырылған.

Кілт сөздер: *Есен, «Geometer's Sketchpad», компьютер.*

Қазіргі кезде біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңіне көшіп келеді, бұл кезең ақпараттық кезең, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық-қатынастық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. «Білім берудегі АҚТ» ұғымы «оқытудың жаңа ақпараттық технологиялары», «қазіргі ақпараттық оқыту технологиялары», «компьютерлік оқыту технологиялары» және т.б. тіркестермен тығыз байланысты.

Компьютерлік технологиялар компьютермен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, Интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар қатынастық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді.

Білім беруді ақпараттандыру үрдісі пән мұғалімдеріне, әдіскерлерге, білім мекемелерін басқарушыларға жаңа ақпараттық технологияны өз қызметтеріне жан-жақты пайдалану саласына үлкен талап қояды. Ақпараттық-қатынастық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Білім беруді ақпараттандыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғышарты.

Білім беруді ақпараттандыру–жаңа технологияны пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асырады. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Ел басы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны, яғни компьютерді оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Бүгінгі күнде оқытуды электрондық оқулықтардың көмегімен ұйымдастыру оқушылардың білімдерін жетілдіруге, сабаққа деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Электрондық оқулықтардың дәстүрлі қағаз кітаптардан айырмашылығы «жандандырылған» болып келеді. Бұл педагогика ғылымдарының негізін салушы Ян Амос Каменскийдің дидактикалық ережесіне сай келеді: «Барлық мүмкін деген нәрселерді қабылдауды сезіммен жүзеге асыру керек, атап айтқанда: көру – көз жанар арқылы; есту – құлақ арқылы; иіс сезу – мұрын; дәм – тіл арқылы қабылданады. Егер қандайда болмасын затты бірнеше сезіммен қабылдау керек болса, бірнеше сезім салу қажет».

Электрондық оқулық – компьютер экранында көрінетін жай ғана мәтін емес, ол

оқушыға керекті материалдарды өз бетінше меңгеруге, өзін-өзі тексеруіне, бағалауына және білім сапасын арттыруына мүмкіндік береді.

Әр мұғалім сабақ өткізген кезде оқушыларға сапалы білім беру үшін жаңа технологияларды, сонымен қатар компьютерді, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдану арқылы білім берсе, оқушылардың қызығушылығы арта түсері анық.

Орта мектептің 5-6-шы сыныптарында қарапайым геометриялық фигуралардың негізгі қасиеттерімен танысу – негізгі бір мәселе болып табылады [1].

Геометриялық материалдарды оқып үйренуде компьютерді пайдаланудың төмендегідей артықшылықтары бар:

- 1) ақпараттың бейнелік түрде көрсетілуі;
- 2) иллюстрациялардың динамикалық сипаттамасы;
- 3) іс-әрекеттердің бірнеше рет қайталанылуы және басқарылуы;
- 4) оқытудағы жеке-дара ыңғайлылық;
- 5) оқытудың тек репродуктивті ғана емес, сонымен қатар, проблемалық әдістерін де қолдану және т.б. [2].

Біз геометрияны оқып үйренуде, іс-әрекеттік үйлесімділікті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, инструменталдық құрал ретінде «Geometer's Sketchpad» бағдарламасын пайдаландық.

Компьютерлік оқыту жағдайында негізгі ұйымдастырушылық форма ретінде информатика кабинетінде жүргізілетін лабораториялық жұмыс сабағын таңдадық. Мұндай сабақ, біріншіден, геометрияны оқып үйрену кезінде компьютердің артықшылықтарын толығынан жүзеге асыруға, екінші жағынан, компьютерлік сабақтарды әдеттегі сабақтардың жүйесіне қосуға мүмкіндік тудырады.

Компьютерлік лабораториялық жұмыстарға арналған, біз құрастырған көптеген тапсырмалар, оқыту мақсатынан және 5-6-шы сыныптардың математика курсындағы геометриялық материалдардың мазмұнынан алынды және оларға ұқсас тапсырмалар жүйесі құрастырылды.

Дегенмен, кейбір тапсырмалар «Қозғалыстағы геометрия-7» деп аталатын компьютерлік жұмыс дәптерінен алынды [3].

Мұнда біз осы оқу құралындағы қолданылған терминология мен белгілеулерді оқушыларға таныс терминдер мен белгілеулермен ауыстырдық, сонымен қатар, тапсырмаларды 5-6-шы сынып оқушыларының жас ерекшелік мүмкіндіктері мен оқытудың мақсаттарына сай қайта тұжырымдадық.

Оқушылар іс-әрекетінің әр түрлілігін және олардың шығармашылық қабілеттерін ескеріп, лабораториялық сабақтарда геометриялық фигураларды салуды ойластыратын, оларды зерттеуге және геометриялық объектілер мен тәжірибе жүргізуге арналған тапсырмаларды енгіздік.

Осыған орай, бір лабораториялық жұмыс сабағында компьютердің *бейнелеушілік, зерттеушілік және жаттықтырушылық* мүмкіндіктері қолданылды.

Оқушылардың өз бетінше *бейнелеу* жұмыстарының *мақсаты* тек қана геометриялық фигураларды салуға арналған негізгі құралдарды меңгеру ғана емес, сонымен қатар, осы фигуралардың қасиеттерін түсіну болды.

Тәжірибелік-зерттеушілік жұмыстың мақсаты, тапсырманы орындау барысында олардың негізгі қасиеттерін, сонымен қатар, геометриялық фигуралардың және олардың элементтерінің өзара байланысын айқындау, түсіну және бекіту болып табылады.

Лабораториялық жұмыстың соңында оқушыларға олардың білімін бақылауға арналған тапсырмалар ғана емес, *өзін-өзі бақылауға* арналған тапсырмалар да ұсынылды.

Сөйтіп, компьютерді пайдалана отырып, оқытудың проблемалық әдісімен жүргізілетін лабораториялық сабақты өткізу *жоспары* төмендегідей болуы мүмкін деп есептейміз, олар:

- 1) Кіріспе әңгіме. Зерттеу проблемасының қойылуы.

- 2) Нұсқау.
 - 3) Оқушылардың лабораториялық жұмысты орындауы.
 - 4) Лабораториялық жұмысты орындау барысындағы алынған нәтижелерді талқылау және қарастыру. Қорытындылар.
 - 5) Сабақ қорытындысын шығару.
- 1-кестеде компьютерді қолданып өткізілетін лабораториялық жұмыстың жеке кезеңдерінің сипаттамасы берілген.

1-кесте. Лабораториялық жұмыстың негізгі кезеңдері

Кезең уақыты	Кезең мақсаты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті
1). Кіріспе әңгіме. Зерттеу проблемасының қойылуы. (5 минут)	Оқушылардың білімін бекіту. Зерттеу проблемасын қалыптастыру.	1). Алдын-ала дайындалған сұрақтар бойынша оқушылармен әңгімені ұйымдастырады. 2). Зерттеу проблемасын қалыптастырады.	1). Кіріспе әңгімеге қатысады. 2). Зерттеу проблемасын ұғынады.
2). Нұсқау (3-5 минут)	Оқушыларды лабораториялық жұмыстың процедуралық және техникалық жақтарымен таныстыру.	1).Лабораториялық жұмыстың жоспарын хабарлайды. 2). Компьютерді қолданудың техникалық сұрақтарын анықтайды (қажет болса, кесте ілінеді).	1). Жоспарды дәптерге жазады. 2). Мұғалімнің түсіндіргенін есінде сақтайды.
3).Лабораториялық жұмысты орындау. (25 минут)	Өз бетімен жұмыс істеу барысында зерттеудің қойылған проблемасын шешу.	1). Тапсырманың орындалуын қадағалайды. 2). Оқушыларға кеңес және жеке көмек береді.	Тапсырмаларды орындайды, нәтижелерді дәптерге жазады, лабораториялық жұмыс сұрақтарына жауап береді.
4). Алынған нәтижелерді талқылау және қарастыру. (7-9 минут)	Оқушылардың геометриялық фигуралар туралы алған білімдерін талқылау және жүйелеу.	Алынған деректерді оқушылармен бірге талқылайды, қорытындыны тұжырымдайды, проблеманы шешу қорытындысын шығарады.	Алынған деректерді хабарлайды, қорытындыны шығару кезіндегі әңгімеге қатысады, қорытындыларды дәптерлеріне жазады.
5). Сабақ қорытындылары. (3 минут)	Оқушылардың жұмысын бағалау, үйге тапсырма беру.	Оқушылардың жұмысын бағалайды, үй тапсырмасын береді.	Сабақ қорытындысын шығаруға қатысады, үйге берілген тапсырманы жазады.

Біз құрастырған тақырыптық жоспарда 9 лабораториялық жұмыс өткізу қарастырылған. Үш жұмыстың мазмұны төменде келтіріліп отыр.

№1 лабораториялық жұмыс. «КІРІСПЕ САБАҚ»

Сабақтың мақсаты: оқушыларды геометрияны оқып-үйренуге арналған бағдарламаның (оның ішінде «Geometer's Sketchpad» бағдарламасының) мүмкіндіктерімен таныстыру, қарапайым объектілерді (нүктені, сәулені, кесіндіні, түзуді, шеңберді т.б.)

салуды үйрену және олардың экрандағы орынын өзгерту.

Сабақтың мазмұны.

«Дербес компьютердің пернетақтасымен және тышқанмен танысу, геометриялық бағдарламалардың мүмкіндіктерін көрсету. Олармен жұмыс істеудің қарапайым дағдыларын қалыптастыру».

Нүктені, кесіндіні, сәулені, шеңберді, түзуді салу «құралдарын» пайдалану.

Геометриялық фигуралардың параметрлерімен орналасу жағдайларын (маңызды нүктелерді «тышқанмен түрткілеу» арқылы), оларды түрлендірудің мысалдары ретінде өзгерту.

Бейнелеу жұмысы.

Берілген құралдарды (сынық сызықты, көпбұрышты, дөңгелекті, күрделі геометриялық фигураларды) пайдаланып, әр түрлі геометриялық фигураларды салу. Олардың жазықтықтағы орнын өзгерту.

№2 лабораториялық жұмыс. «ҚАРАПАЙЫМ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ФИГУРАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАСИЕТТЕРІ».

Сабақтың мақсаты: қарапайым геометриялық фигуралар және олардың негізгі қасиеттері мен қатынастары жөніндегі оқушылардың ойында қалыптасқан түсініктерді қорытындылау мен жүйелеу.

Сабақтың мазмұны:

Бейнелеу жұмысы.

Жұмыстың мақсаты: қарапайым геометриялық фигураларды салуға арналған құралдармен жұмыс істеу біліктілігін және нүктенің кесіндіде жатуы туралы ұғымын бекіту.

Кез-келген АВ кесіндісін және CD түзуін салыңдар. М және Р нүктелері кесіндіде, ал N мен L нүктелері түзуде жататындай М, Р, N, L нүктелерін салыңдар.

Тәжірибелік зерттеу жұмысы.

Жұмыстың мақсаты: қарапайым геометриялық фигуралар және олардың негізгі қасиеттері мен қатынастары жөніндегі оқушылардың ойында қалыптасқан түсініктерді бекіту.

1) X нүктесін баяу жылжыта отырып, түзудің бойында орналасқан берілген екі нүктенің арасындағы барлық нүктелер жиынын көрсету, «*Ізден табу*».

2) Бір түзудің бойында орналасқан екі кесіндінің шеткі нүктелерін жылжыта отырып, олардың өзара орналасуының барлық жағдайларын көрсетіндер.

3) Бір түзудің бойында жатқан екі сәуле берілген. Олардың орындарын ауыстыра отырып берілген сәулелердің өзара орналасуының барлық жағдайларын көрсетіндер.

4) Р түзуі ортақ болатын бір немесе әр түрлі жарты жазықтықтарда АВ кесіндісінің Р түзуімен ортақ бір нүктесі болатындай немесе ешбір ортақ нүктесі болмайтындай, А және В нүктелерін салыңдар.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырма.

Экрандағы екі нүкте кесіндіні, сәулені, түзуді анықтасын дейік. Көзөлшемді пайдаланып, екі нүктені берілген кесіндіде, сәуледе, түзуде жататындай етіп орналастырыңдар. Геометриялық фигураларды көрінетіндей етіп алып, өздеріңнің салуларыңның дұрыстығын тексеріндер.

Ескерту. Осы лабораториялық жұмысқа арналған тапсырмалар алдыңғы параграфта толық айтылған. Сондықтан, біз мұнда осы тапсырмаларды қысқаша ғана сипаттап отырамыз.

№3 лабораториялық жұмыс. «СЫНЫҚ СЫЗЫҚ»

Сабақтың мақсаты: Оқушылардың сынық сызықтар, олардың түрлері мен кейбір қасиеттері жөніндегі түсініктерін қорытындылау және жүйелеу.

Сабақтың мазмұны.

Бейнелеу жұмысы.


ABCD сынық сызығы тұйық сынық сызық болатындай етіп, А және D нүктелерінің экрандағы орнын ауыстыруға бола ма?

Қорытынды.

Сабақтың соңында оқытушы оқушылармен әңгімелесе отырып жұмыстың төмендегі нәтижелерін қорытындылайды: сынық сызықтың негізгі белгілерін атап өтеді (бұл берілген нүктелерді біртіндеп қосатын, кесінділерден тұратын геометриялық фигура); жай және тұйық сызықтардың анықтамасын тұжырымдайды.

Өзін-өзі бақылауға арналған тапсырма.


Кубтың моделінен: а) екі, үш, төрт бөлікті сынық сызықты; б) тұйық сынық сызықты табындар (4 сурет).



4- сурет. Кубтың моделі

Лабораториялық жұмыстарға Delphi7 ортасында электрондық қабықша дайындалды. Қабықшаны іске қосу арқылы оқушылар барлық 9 лабораториялық жұмыстың мазмұнын көріп, олармен танысуына және «Geometer's Sketchpad» бағдарламасын іске қосып жұмыс жасауына болады.


Енді, электрондық қабықшаға сипаттама беріп өтейік. Электрондық қабықша екі формадан тұрады. Алғашқы форма 5- суретте көрсетілген.



5- сурет. Электрондық қабықшаның алғашқы парағы


Алғашқы терезедегі «лабораториялық жұмыстар» жазбасына тышқан көрсеткішін апарып шертсек, компьютер экранында 6-суреттегі терезе пайда болады. Терезе үш бөлікке

бөлінген. Сол жақ бөлігінде лабораториялық жұмыстардың тізімі орналасқан. Оқушы барлық тізімді көргісі келсе, осы бөліктегі «лабораториялық жұмыстар» жазбасының алдындағы «+» таңбасын таңдауы керек. Осы кезде экранға 7-суреттегі терезе шығады да, оқушы тізімнен өзі орындайтын лабораториялық жұмысты таңдайды.





6-сурет. Лабораториялық жұмыстарды таңдау терезесі

Форманың оң жақ бөлігіне оқушы таңдаған лабораториялық жұмыстың мазмұны шығады (7 сурет), ал төменгі бөлігінде  The Geometer's Sketchpad және  Шығу батырмалары орналасқан.



7-сурет. Лабораториялық жұмыстармен танысу терезесі

 The Geometer's Sketchpad батырмасын таңдау арқылы оқушы «Geometer's Sketchpad» бағдарламасын іске қоса алады (8 сурет). Электрондық қабықшамен жұмысты аяқтау үшін  Шығу батырмасын таңдау қажет.

общих навыков у учеников, изучения основных особенностей структуры отчетности. В то же время в данной статье рассматриваются различные аспекты использования компьютерных технологий в учебном процессе.

Ключевые слова: Задача, «Geometer's Sketchpad», компьютер.

THE USE OF COMPUTER TECHNOLOGY IN THE STUDY OF GEOMETRIC MATERIALS IN THE COURSE OF MATHEMATICS

Yessengabylov I., Abdualiyeva R.

This study describes the practice of creating pedagogical software that teaches mathematical calculations for 5-6 grades schoolchildren. This approach is based on modeling computerized reporting conditions by developing schoolchildren's overall skills, studying the main features of the reporting structure. At the same time, this article discusses various aspects of the computer technology using in the educational process.

Key words: Problem, «Geometer's Sketchpad», computer.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.12.2019ж.

ӘӨЖ 373.13:51(574)

WEB-ТЕХНОЛОГИЯЛАР МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Забиева К.Қ., Сеитова С.М.

Мақалада Web-технологияларды математиканы оқыту процесінде оқушыларды шығармашылыққа баулудың бір жолы болатындығы айтылған. Қазіргі жағдайда өз бетінше шешім қабылдай алатын және жаңашыл ойлай алатын, әлеуметтік белсенді, шығармашылық тұлғаға деген сұраныс артты. Сондықтан оқушыларды математикалық шығармашылыққа баулу үшін сыныптан тыс жұмыстың түрлерінің қосымша мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формаларының ішінде оқытудың интерактивті түрлері, атап айтқанда Web-технологиялар ерекше қызығушылық тудырады. Қазіргі кезде сабақтарда оқушылардың оқу қызметін ұйымдастыруда Web-квест технологияларды қолдану мүмкіндіктері зор. Сондықтан, мақалада Web-технологияларды пайдаланып білім сапасын арттыру жолы көрсетілген.

Кілт сөздер: Web, web-сервер, web-квест, кәсіби қасиеттер, құндылықтар, технология.

Бүгінгі таңда қоғамда адамзаттан жаңа қасиеттерді талап ететін қарқынды өзгерістер байқалуда. Ең алдымен мәселе, әрине шығармашылық ойлауға қабілетті, шешім қабылдаудаға дербестік, бастамашылық туралы болып отыр. Бұл қасиеттерді қалыптастыру жөніндегі міндеттер білім беруге, бірінші кезекте орта мектепке жүктеледі. Мектепте ойлай және тұжырым жасай алатын, дербес тұлғаны дамытудың негізі қалануы тиіс.

Шынайы еркін тұлғаны тәрбиелеуге, балалардың өз бетінше ойлау, білім алу және қолдану қабілетін қалыптастыруға, қолданылатын шешімдерді мұқият ойлауға және іс-қимылды нақты жоспарлауға, құрамы мен бейіні бойынша әр түрлі топтарда тиімді ынтымақтасуға, жаңа байланыстар мен мәдени байланыстар үшін ашық болуға баса көңіл

аударылады. Бұл білім беру процесіне инновациялық технологиялар мен тәсілдерді кеңінен енгізуді талап етеді.

Заманауи адамзатқа қажетті көптеген қасиеттерді қалыптастыруға математика пәні үлкен рөл атқарады. Математика сабағында оқушылар ойлауды, дәлелдеуді, тапсырмаларды орындаудың тиімді жолдарын іздеуді, тиісті қорытынды жасауды үйренеді. Мұндай қызмет түрлері өз бетінше ойлай, өзінің ұстанымын дәлелдей немесе ақыл-ой қызметінің тәсілдерін меңгерген қандай да бір проблеманы шешуге деген көзқарасты дәлелдей білетін оқушыларды дайындауға бағытталған.

Сондықтан оқушыларды математикалық шығармашылыққа баулу үшін сыныптан тыс жұмыстың түрлерінің қосымша мүмкіндіктерін пайдалану қажет. Сыныптан тыс жұмыстың әртүрлі формаларының ішінде оқытудың интерактивті түрлері, атап айтқанда Web-технологиялар ерекше қызығушылық тудырады.


Қазіргі уақытта интернет жағдайында ақпараттық өзара іс-қимыл мүмкіндіктерін кеңейту жүріп жатыр, ол Web-технологиялардың дамуымен айқындалады. Web-технологияның негізі "клиент-сервер" типті гипермәтіндік ақпараттық жүйе болып табылады.

Web-технологиялар барлық мектеп пәндері бойынша, атап айтқанда математика бойынша білім беру процесінің тиімділігін арттыру үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді, өйткені оқу мақсатындағы электронды құралдарды қолдану арқылы математикалық ақпаратты берудің әртүрлі нысандарын пайдаланады.

Қазіргі заманға ақпараттық технологияларды дамыту білім беру саласында сапалы серпіліс жасау үшін үлкен мүмкіндіктерді көре отырып, гипермәтіндік және гипермедиа технологиясын айтарлықтай ілгерілетуге жол ашады. Білім беру саласындағы ақпараттандыруға арналған желі әртүрлі жоғары технологиялық оқыту әдістемелерін, оның ішінде Web-квестерді әзірлеуге мүмкіндік берді.

Web-квест технологиясын 1995 жылы Сан Диего Берни Доджем және Том Марч мемлекеттік университетінің профессорлары әзірледі. Соңғы уақытта зерттеушілердің назары білім беру Web-квестерінің педагогикалық мүмкіндіктеріне байланысты болды. Оның ішінде Web-квестерді математикада (О. В. Волкова [3], Г. А. Воробьев [4], Е. И. Багузина [2], С. Ф. Катержина [6] және т. б.) пайдалану бойынша бірқатар диссертациялық зерттеулер орындалды.

Қазіргі уақытта Web-квест технологияларды қолдану аясын кеңейтуге байланысты осы категорияның мәні нақтыланып, Web-квестердің әртүрлі типологиясы пайда болды, олардың құрылымдары мен функционалдық мүмкіндіктері қарастырылды. Төмендегі 1-ші суретте көрсетілгендей Web-квест атауы екі бөліктен тұрады:




1 сурет - Web-квест атауының бөліктері.

1. веб - (ағылш. Web - паутина) - бұл интернетке қосылған түрлі компьютерлерде орналасқан өзара байланысты құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін дүниежүзілік жүйе. Дүниежүзілік паутина бүкіл әлем бойынша орналасқан миллион Web-серверлерден

тұрады. Web-сервер-желіге қосылған компьютерлерде деректерді беру үшін қолданылатын бағдарлама;

2. квест (ағылш. Quest-іздеу) қазіргі педагогикалық әдебиетте [1] іздеу, зерттеу ретінде түсіндіріледі; ақпараттық ресурстарды пайдалану кезінде рөлдік ойын элементтерімен тапсырмаларды орындауды білдіреді: "арнайы түрде ұйымдастырылған зерттеу қызметінің түрі, оны орындау үшін оқушылар көрсетілген мекенжайлар бойынша желіде ақпарат іздейді".

Сол сияқты Web-квесттерге бірқатар анықтамаларды беруге болады, ол 2-ші суретте берілген:



2 сурет - Web-квесттер анықтамалары.

1. Көптеген ақпараттық ресурстарды пайдалану кезінде әр түрлі өзекті (талқылау үшін қызықты, өткір, проблемалық) тақырыптар бойынша оқытушы немесе оқушылар жасаған жобалау қызметінің сценарийі;

2. Интернет мүмкіндіктерін пайдалана отырып, дербес зерттеу қызметінің ұйымдастырылған түрі;

3. Арнайы жолмен ұйымдастырылған Web-бет;

4. Оқушылардың өзіндік жұмысын ұйымдастырудың инновациялық тәсілі;

5. Дидактикалық құрылым негізінде өз бетінше әзірленген және интернет ресурсын орындау үшін ұсынылған;

6. Оқу іс-әрекетін белсендіру тәсілі ретінде қызмет ететін, дербес компьютермен және Интернет ақпараттық ресурстарымен тиімді жұмысты түсіну, ұғынудың дидактикалық моделі [2, 72 б.].

Мектеп тәжірибесінде Web-квесттер математикалық білім беру саласында да қолданылады. Ерекше техникалық білімді талап етпейтін оқу процесіне енгізудің қарапайым тәсілі кезінде олар сыни және абстрактілі ойлауды, салыстыра, талдай, жіктей білуді, дербес жоспарлау дағдыларын, мақсатты болжауды, дербес құрылған білім беру


траекториясы бойынша оқытылатын математикалық материалды (оқу курсын, оқу тақырыбын, оқу мәселесін) белсенді тануды дамытуға ықпал етеді.

Олар сондай-ақ қызығушылықтары мен қабілеттеріне байланысты білім беру стратегиясын таңдауға, атап айтқанда, теориялық, қолданбалы, зерттеу, тарихи немесе түзету-талдау қызметіндегі нәтижелерді жоспарлау мүмкіндігіне, сондай-ақ оқушыларды математикаға оқытуда шығармашылық құрамды арттырады.

Ойын Web-квесттер білім беру сипатында болуы мүмкін, өйткені белгілі бір математикалық білім жиынтығымен немесе жекелеген, бытыранқы математикалық фактілермен танысуға мүмкіндік береді. Олар 5-6 сынып оқушыларына бағытталған, өйткені ақпарат беру нысаны ойын сипатында болады. Ойындық білім беру Web-квестінің мақсаты өте қарапайым және ол жасөспірімді қызықты ойынмен қызықтырып, оны қарапайым математикалық мәліметтермен таныстырады.

Зерттеу Web-квестері, керісінше, оқушылардың пән бойынша оқыған білімін тереңдетуге мүмкіндік береді, яғни оқушылардың тек бір санатына ғана бағытталған, атап айтқанда математикамен айналысуға жақсы ынталы және өз портфолиосын белсенді толықтыруға тырысатындар. Олар тар сипаттағы қандай да бір оқу проблемасының мазмұнын қамтуы мүмкін (мысалы, арифметикалық іс-әрекеттер бойынша шағын жобалар) немесе керісінше, Оқу пәнінің әртүрлі облыстарынан (мысалы, алгебра, геометрия және математикалық талдау бойынша) білімді іске қосу. Көріп отырғанымыздай, оқушылардың барлық санаттарын ойын және зерттеу Web-квесттерінің белсенді танымдық қызметіне тарту үшін жеткіліксіз, білім беру Web-квестерінің басқа да түрлерін іске қосу қажет.

Осыған орай web-технологияларды математиканы оқыту процесінде оқушыларды шығармашылыққа баулудың бір жолы деп санай отыра, білім сапасын арттыру үшін 6 сыныпта математика пәнін оқыту барысы бойынша Web технологияны пайдаланып құрлымды төмендегідей сайт құруды ұсынамыз.



3 сурет - Web - сайт

1. Тарауларға байланысты қысқа мерзімді жоспарлар;
2. Тапсырмаларға дискриптор құру, бағалау;
3. Тақырыптарға байланысты деңгейлік жаттығулар жүйесі;
4. Математикалық сауаттылықты дамытатын логикалық есептер жинағы;
5. Бөлімдік жиынтық бағалау тапсырмалары;
6. Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмалары;
7. Әр тарауға тест тапсырмалары;
8. Олимпиада, конкурстарға қажетті материалдар жиынтығы;
9. Іс-тәжірибе алмасу блогы (шебер сыныптар т.б.)
10. Ойын сабақтары және түрлері.

Біздің мақаламызда жалпы педагогикалық міндетті шешуге талпыныс жасалды. Ол оқу тақырыбын оқу барысында мұғалімнің алдында тұрған дидактикалық есептерді шешумен байланысты оның бірі оқыту процесінде оқушыларды шығармашылыққа баулу. Мұндай Web-квестерді біз білім беруге жатқызамыз.

Оқыту процесінде математикалық шығармашылық, әрине, үлкен емес, бірақ жағымды және пайдалы, көрсету үшін жеткілікті негізі бар. Беймәлім тәуелділікті анықтау, жаңа заңдылықтарды анықтау, басқа анықтамаларды қалыптастыру, нақты үдерістің немесе құбылыстың математикалық моделін құру, қарастырылып отырған көптеген нысандарда қандай да бір қарым - қатынасты бейнелейтін мысалдар ойлап табу, контрпримерлерді табу-осының барлығы белсенді жасампаздық рухымен нөмірленген оқушының шығармашылық математикалық ойлау қабілетін қалыптастырады.

Жоғарыда баяндалғанды қорыта келе, бүгінгі күні білім беру саласында оқушыларды оқыту процесінде математикалық шығармашылыққа баулу мақсатында математикадан білім беру үдерісінде Web-технологияларды белсенді іске асыру үшін әлеуметтік-жеке, дидактикалық-әдістемелік және технологиялық сипаттағы нақты алғышарттар бар екенін атап өтеміз. Осылайша, ұсынылған web-сайт оқушыларды шығармашылық және белсенді математикалық қызметке тартуға ықпал етеді, бұл кез келген сапалы оқытудың қажетті шарты болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Амосова Н.В. Общие проблемы развития творческой личности при обучении математике. // Изд-во АО ИУУ, 2005.
2. Напалков С.В., Гусева Н.В. Web-технологии как педагогические формы приобщения школьников к творчеству в процессе обучения математике // Современные проблемы науки и образования. – 2014. – № 6.

WEB-ТЕХНОЛОГИИ ОДИН ИЗ СПОСОБОВ ПРИОБЩЕНИЯ УЧАЩИХСЯ К ТВОРЧЕСТВУ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ МАТЕМАТИКЕ

Забиева К.К., Сеитова С.М.

В статье говорится, что Web-технологии в процессе обучения математике является одним из способов приобщения учащихся к творчеству. В современных условиях повышен спрос на социально активную, творческую личность, способную самостоятельно принимать решения и задуматься о новаторстве. Поэтому для приобщения учащихся к математическому творчеству необходимо использовать дополнительные возможности внеклассной работы. Среди различных форм внеклассной работы особый интерес представляют интерактивные формы обучения, в частности Web-технологии. В настоящее время на уроках имеется возможность применения Web-квест технологий в организации учебной деятельности учащихся. Поэтому в статье отражен путь повышения качества образования с использованием Web-технологий.

Ключевые слова: Web, web-сервер, web-квест, профессиональные качества, ценности, технологии.

WEB TECHNOLOGIES ARE ONE OF THE WAYS TO INTRODUCE STUDENTS TO CREATIVITY IN THE PROCESS OF TEACHING MATHEMATICS

Zabiyeva K., Seitova S.

The article says that Web technologies in the process of teaching mathematics is one of the ways to introduce students to creativity. In modern conditions, there is an increased demand for a

socially active, creative person who is able to make decisions independently and think about innovation. Therefore, to introduce students to mathematical creativity, it is necessary to use additional opportunities for extracurricular work. Among the various forms of extracurricular activities, interactive forms of learning, in particular Web technologies, are of particular interest. Currently, the lessons have the opportunity to use Web-quest technologies in the organization of educational activities of students. Therefore, the article reflects the way to improve the quality of education using Web technologies.

Key words: *Web, web server, web quest, professional qualities, values, technologies.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.10.2019ж.

ӨОЖ 544.77

ОПОКА САЗЫНЫҢ АДСОРБЦИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Құрманғажы Г., Тәжібаева С.М., Мұсабеков Қ.Б., Жақытбаев Б.Е., Сыдықбаева С.А.

Өнеркәсіптік орындардың ағынды суларынан ауыр металдарды бөлу үшін сорбциялық әдістер кеңінен қолданылады және сорбциялық сыйымдылықтары жоғары саздар кеңінен қолданады.

Жұмыста минерал опоканың хром (III) иондарымен сорбциялық қасиеті зерттелініп, сорбциялық сыйымдылығы анықталынды. Адсорбция нәтижелері Лэнгмюр және Фрейндлих бойынша өңделді. Минерал опоканың химиялық құрамы рентген флуоресценттік талдау әдісімен зерттелініп, кремний мөлшері 58,48 % ты көрсетеді.

Кілт сөздер: *опока, саз, хром (III) ионы, адсорбция.*

Кіріспе

Әр түрлі өнеркәсіптік орындардың ағынды суларынан ауыр металдарды бөлу үшін сорбциялық әдістер кеңінен қолданылады, бұл тазартылған суды кәсіпорындарға қайта пайдалануға мүмкіндік береді [1,2].

Ерітінділерден адсорбция кезінде ластаушы молекуласы да, су молекуласы да адсорбентке сорбцияланады. Сондықтан еріткіш молекулалары адсорбат молекулаларының бәсекелестігін құрайды. Бұдан басқа, су ерітінділерін тазалау кезінде молекулааралық өзара әрекеттесудің екі түрі орын алады: ластаушы молекулалардың гидратациясы және ластаушы молекулалардың адсорбентпен өзара әрекеттесуі [3]. Гидратты қабық электростатикалық өзара әрекеттесудің азаюы салдарынан иондардың адсорбциясына кедергі келтіреді. Ион гидратациясы күшейген сайын, оның иондық потенциал күшейе түседі. Су молекулаларымен Cr^{3+} иондарының өзара әрекеттесу энергиясы адсорбция энергиясынан асуы мүмкін. Адсорбциялық үрдіске тән сипаттамаларды анықтау кез-келген адсорбатқа сәйкес адсорбентті табуға және сорбциялық үдерісті реттеуге мүмкіндік береді.

Судан ауыр металдарды тазалау үшін сорбент ретінде әртүрлі жасанды және табиғи кеуекті материалдар қолданылады (саздар, белсендірілген көмір, және т.б.) [2, 4-6].

Ағынды суларды ауыр металл иондарынан тазарту кезінде негізгі практикалық міндеті арзан, жоғары сыйымдылыққа ие материалдарды таңдау болып табылады. Табиғи саз сорбенттері жасанды заттарға қарағанда ондаған есе арзан, сондықтан оларды суды тазарту процесінде пайдалану адсорбенттің қалпына келу сатысын болдырмауға мүмкіндік береді [7, 8].

Бұл жұмыстың мақсаты хром (III) ионының опока минералы сияқты кейбір табиғи сорбенттердің қатысында сорбциялық қабілеттілігін зерттеу.

Опока - саз, құм, глауконит және т.б. араласқан ұсақ түйіршікті аморфты кремнеземнен тұратын шөгінді, микропористы болып келетін минерал.

Эксперименттік бөлім

Жұмыста табиғи минерал сорбент Қыңырақ кенорны опоканың сорбциялық қасиеттері зерттелінді. Опока мөлшері 10-65 мкм ұсақ ұнтақ түрінде қолданылды. Сорбенттердің сорбциялық қасиеттері статикалық әдіспен анықталды. Салмағы 0,5 г сорбент 100 мл сыйымдылығы бар колбаға салынып, 20 мл үлгі ерітіндісімен толтырылды. Адсорбат хром (III) сульфатының ерітіндісінің концентрациясы 0,1-1 ммоль/л сұйықту арқылы дайындалды. Қоспа 1 сағат бойы араластырылды, сорбент 1 күннен кейін сүзілді. Хром (III) катиондарының концентрациясы спектрофотометрде LEKI SS-1104 (Ресей) анықталды. Адсорбция мөлшері келесі теңдеумен есептеледі [9, 10]:

$$A = \frac{(C_0 - C)V}{m}$$

Мұндағы А - адсорбция, мг/г; C_0 және C – хром (III) иондарының бастапқы және сорбциядан кейінгі концентрациясы, мг/л; V- хром (III) иондар ерітіндісінің көлемі, л; m – адсорбент массасы, г.

Опоканың химиялық құрамы рентген-флуоресценттік талдау ФОКУС - 2М әдісі арқылы зерттелінді.

Адсорбент пен сулы ерітіндіде сақталатын адсорбаттың тепе-теңдігі әдетте екі адсорбциялық изотермамен көрсетіледі. Бұл тепе-теңдік Ленгмюр мен Фрейдлих изотермасы арқылы кеңінен зерттеледі [11-13]. Ленгмюр изотермасы моноқабаттағы адсорбция біртекті бетік құрылымы бар адсорбенттерде жүреді деп есептейді, онда байланыстыратын орталықтар адсорбция үшін бірдей бейімділікке ие және ешқандай өзара әрекеттесу болмайды. Ленгмюр изотермасының келесі теңдеуімен көрсетіледі:

$$\frac{C_2}{A} = \frac{1}{KA_m} + \frac{C_2}{A_m}$$

Мұндағы А (мг/г) және C_2 (мг/л) адсорбциялық сыйымдылықты және адсорбаттың ерітіндісіндегі тепе-теңдік концентрациясын білдіреді; A_m (мг/г) сорбенттердің максималды адсорбциялық сыйымдылығы және К сорбциялық тепе-теңдік константасы

Фрейдлих моделі - гетерогенді жүйені түсіндіру үшін пайдаланылатын эмпирикалық өрнек:

$$\log A = \log K_F + \frac{1}{n} \log C_2$$


Мұндағы K_F және n тиісінше адсорбциялық сыйымдылықты және адсорбция қарқындылығын көрсететін тепе-теңдік тұрақтылары.

Тәжірибені талдау

Минерал опоканың химиялық құрамын анықтау мақсатында рентген флуоресценттік талдау әдісімен зерттелді (1-кесте, 1-сурет). Опоканың химиялық құрамына келсек талдау мәліметтері көрсеткендей опока құрамында 10 астам химиялық элементтен тұратыны және кремний мөлшері 58,48 % -ті, Fe және Al дің массалық үлестері сәйкесінше 19,53 және 12,28 %-ты құрайды, ал басқа қоспалардың массалық үлестері 5% -тен аспайды.


1-кесте. Опоканың химиялық құрамының массалық үлесі

Химиялық элемент	Концентрация, %	Интенсивность
Fe	19,53	253,15
Si	58,48	3,21
K	2,65	3,51
Ca	4,31	14,43
Ti	0,77	5,17
Mn	0,11	1,55
Cr	0,11	1,23
Sr	0,078	0,64
Al	12,28	0,23
Cl	1,69	0,62



1-сурет. Опоканың элементтік анализ графигі


Хром (III) иондарының опокадағы адсорбциясының эксперимент нәтижелері бойынша сорбенттерде Cr^{3+} иондарының адсорбенттегі адсорбциясы мөлшері есептелді және адсорбциялық изотермалар салынды (2-сурет). Хром (III) иондарының опокадағы адсорбциясы изотермасы мономолекулалық адсорбцияға және бұл микропорсты сорбенттерге тән. Хром (III) иондарының адсорбциялық қисықтары ең төмен концентрацияда күрт өсуден басталсаталады. Опока құрамында көптеген еркін теріс зарядты $\equiv SiO$ топтарының болуы хром (III) иондарымен электростатикалық байланыстар пайда болуы мүмкін. Хром (III) иондарының жоғары концентрациясында адсорбция мөлшері 13,56 мг/г (86%) құрайды.



2-сурет. Хром (III) иондарының опокадағы адсорбция изотермасы.

T = 298K

Зерттеу нәтижелері бойынша опокадағы хром (III) катиондарын тазалау дәрежесі ерітіндінің бастапқы концентрациясына байланысты деп тұжырым жасауға болады (3-сурет). Бастапқы концентрацияның жоғарылауымен ерітінділерді хром (III) катиондарынан тазарту дәрежесі төмендейді. Бастапқы ерітіндінің концентрациясының жоғарылауымен ерітінділердің иондық беріктігі артып, хром (III) катиондарының белсенділігі төмендейді, сондықтан ерітіндідегі бос Cr^{3+} иондары кішірейеді, сондықтан иондардың адсорбция дәрежесі төмендеуі мүмкін.



3-сурет. Cr^{3+} катиондарының бастапқы концентрациясынан опока сорбентімен тазалау дәрежесінің өзгеруі

Хром (III)-ның адсорбция нәтижелерін Ленгмюр және Фрейндлих теңдеулері бойынша адсорбция параметрлері анықталды (2-кесте). Хром (III)-ның максималды адсорбциясы A_{∞} Ленгмюр бойынша ең жоғары опокада 15,2 мг/г құрайды. R^2 Корреляция коэффициентінің квадраты анықтау шашырау сызбасының барлық нүктелері тура сызық бойында орналасқан кезде мәні -1-ден +1 -ге дейінгі сандық ауқымда болады. Осы жұмыста корреляция коэффициенті 1 ге жуық. Фрейндлих бойынша адсорбциялық тепе-теңдіктің константасы $1/n$ мәні $0,1 < 1/n \leq 0,5$ аралығында жатады, бұл адсорбция оңай және адсорбатпен сорбент арасында жақсы үйлесімділік бар екенін көрсетеді.

2-кесте. Хром (III) иондарының опокадағы адсорбциясының Ленгмюр және Фрейндлих моделі бойынша есептелген адсорбция параметрлері

Тип	Ленгмюр бойынша			Фрейндлих бойынша		
	A_{∞} мг/г	K л/мг	R^2	K мг/г	$1/n$	R^2
Опока	15,2	0,504	0,997	3,0	0,32	0,982

Қорытынды опоканың хром (III) иондары бойынша адсорбциясы зерттелініп адсорбаттың жоғарғы концентрациясында 13,56 мг/г, яғни тазалау дәрежесі 86 % құрады. Адсорбция Ленгмюр және Фрейндлих модельдері бойынша өңделіп, адсорбция параметрлері бойынша, адсорбат пен адсорбент арасында жақсы үйлесімділіктің болуы, опоканың ауыр металл иондарын сорбциялаудағы таптырмас адсорбенті екенін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Валинурова Э.Р., Гимаева А.Р., Кудашева Ф.Х. Исследование процесса сорбции ионов хрома (III) и хрома (VI) из воды активированными углеродными сорбентами // Вестник Башкирского университета. -2009. -Т. 14. -№ 2. -С. 385–388.
2. Кравцов Е.Е., Глинина Е.Г., Булахтина Е.В. и др. Изучение комбинированного способа очистки раствора от хрома // Вестник АГТУ. -2004. -№ 4 (23). -С. 20–23.
3. Воюцкий С.С. Курс коллоидной химии. М.: Химия, -1975. -С 512 с.
4. Калюкова Е.Н., Иванская Н.Н. Адсорбционные свойства некоторых природных сорбентов по отношению к катионам хрома (III) // Сорбционные и хроматографические процессы. -2011. -Т. 11. -Вып. 4
5. Тарасевич Ю.И. Природные сорбенты в процессах очистки воды. Киев: Наукова думка, -1981. –С 207 с.
6. Wei X.L., Mo Z.H. Modified magnetite nanoparticles for colorimetric sensing of anionic surfactants in water. // Micro Nano Lett. -2014. -V. 9. -P. 239 –242.
7. Mancheng Liu, Changlun Chen, Jun Hu, Xilin Wu, and Xiangke Wan. Synthesis of Magnetite/Graphene Oxide Composite and Application for Cobalt (II) Removal // The Journal of Physical Chemistry C. - 2011. - Vol. 115 – P. 25234-25240.
8. Rongzhi Chen, Chunyi Zhi, Huang Yang, Yoshio Bando, Zhenya Zhang, Norio Sugiur, Dmitri Golberg. Arsenic (V) adsorption on Fe₃O₄ nanoparticle-coated boron nitride nanotubes // Journal of Colloid and Interface Science. - 2011. – Vol. 359. –P. 261–268.
9. Gaosheng Zhang, Jiuhui Qu, Huijuan Liu, Adrienne T. CuFe₂O₄/activated carbon composite: A novel magnetic adsorbent for the removal of acid orange II and catalytic regeneration // Chemosphere. -2007. - Vol. 68. - P.1058–1066. www.elsevier.com/locate/chemosphere
10. Simeonidis K., Gkinis Th., Tresintsi S., Martinez-Boubeta C., Vourlias G.. Magnetic separation of hematite-coated Fe₃O₄ particles used as arsenic Adsorbents // Chemical Engineering Journal. - 2011. - Vol. 168. –P. 1008–1015. [journal homepage: www.elsevier.com/locate/cej](http://journal.homepage: www.elsevier.com/locate/cej).
11. Hongmei Sun, Linyuan Cao, Lehui Lu. Magnetite/Reduced Graphene Oxide Nanocomposites: One Step Solvothermal Synthesis and Use as a Novel Platform for Removal of Dye Pollutants // Nano Res. – 2011. - №6.- P. 550–562.
12. Курмангажи Г., Сыдыкова А.И., Жакипбаев Б.Е., Тажибаева С.М., Мусабеков К.Б. Сорбционные свойства опок и их магнитных композитов // Известия НАН РК. - 2017. - Т 4. - № 423. – С. 51-55.
13. Құрманғажы Г., Тәжібаева С.М., Мұсабеков Қ.Б., Жақыпбаев Б.Е. Метилен көгінің магнетит-опока композитінің бетіндегі адсорбциясының параметрлері. ҚазҰУ хабаршысы. Химия сериясы. – 2018. – №1.

АДСОРБЦИОННЫЕ СВОЙСТВА ГЛИНЫ ОПОКА

Курмангажи Г., Тажибаева С.М., Мусабеков К.Б., Жакипбаев Б.Е., Сыдыкбаева С.А.

- өз қызметі мен жеке тұлғаның артықшылықтары мен кемшіліктері саласындағы аутопсихологиялық құзыреттілік.

Болашақ математика мұғалімдерінің заманауи әлемге сай болуы өз пәнінің өзекті білімімен қоса функционалдық сауаттылығын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруін, шығармашыл әрі сыни ойлауы ұшқыр болуын қажет етеді. Сондай-ақ, мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін жетілдіру олардың өз тәжірибесімен бөлісіп, кері байланыс алуының арқасында дамитындығын саналы түсінуге апараты.

ЖОО-да заманауи болашақ мұғалімдерді дайындауда кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру алға қойылған. Ол неден тұрады? Құзыреттілік көп қырлы, өйткені адамның өзі көп қырлы және өзін әртүрлі қызмет түрлерінде көрсете алады, коммуникацияларда, қоғамда, шығармашылықта және т. б. ең бастысы, адам әрқашан мамандықта көрініс табады.

Қазіргі жағдайда адам ақпаратты динамикалық жылдамдықпен өңдейді және көп шешім қабылдайды, демек, тәжірибе мен даналық тез қалыптасады, олай болса, құзыреттілік те тез қалыптасады. Сондықтан жоғары оқу орны жағдайында құзыреттіліктің қалыптасуы туралы айту заңды. Осылайша, ақпаратты өңдеудің ойлау процесі, жаңа білімді құру және шешім қабылдау құзыреттіліктің барлық түрлерінің негізі болып табылады.

Бұл кәсіптік білім беру саласында оқушылардың сандық өсуімен қатар, қоғамның технологиялық ресурстарына, жаңа технологиялардың өсіп келе жатқан рөліне қойылатын талаптардың артуымен байланысты. Халықаралық сұраныстарға жауап беретін, қазіргі заманғы білім беру сапасын қамтамасыз ету, қажеттілігі мен меңгеруге жататын ақпарат көлемін арттыру есебінен, бұл міндетті дәстүрлі жолмен шешудің мүмкін еместігі арасындағы қарама-қайшылықтың салдарынан туындаған білім берудегі проблемалық жағдайға, ерекше жауапты мамандарды даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды, кәсіби құзыреттілікке қол жеткізуге бағыттау болып табылады.

Олардың бірі білім беру сапасын бағалаудың әдіснамасы мен механизмін әзірлеу кезінде түлектердің кәсіби білімі мен мансаптық мүмкіндіктері бағаланатын құзыреттілік тәсіл тұжырымдамасын таңдау болып табылады. Шетелдік және отандық ақпараттық дереккөздерге шолу, өткен ғасырдың 80 жылдарының ортасынан басталған білім беру тәжірибесі оның әртүрлі модификацияларында құзыреттілік тәсілді пайдалану туралы айтуға мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта білім берудің жаңа сапасы мәселелерін талқылау кезінде "құзыреттілік" термині білімнің жаңа нәтижесін белгілеу үшін жиі қолданылады.

Құзыреттілік - адамның ішкі және сыртқы ресурстарды пайдалану негізінде кәсіби және кәсіби қызметтен тыс міндеттерді шешуге адамның дайындығы. Құзыреттілік заманауи маманның кәсіби қызметінде, адам өмірінде және білім алушы меңгеретін құзыреттілік ретінде оқыту мақсатының нақты тұжырымдалуын болжайды. Бұл еңбек нарығының сұраныстарын дайындаудың сәйкестігін қамтамасыз етеді, яғни түлектердің бәсекеге қабілеттілігін, олардың кәсіби бейімделуі мен қызметінің тиімділігін, өмірдегі табыстылығын арттырады. Құзыреттілікті қалыптастыру жалпы білім беретін мектептен басталады.


Болашақ математика мұғалімдерін заманауи әлемге сай дайындауға қойылатын талаптар - өз пәнінің өзекті білімімен қоса функционалдық сауатының, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеруінің, шығармашыл әрі сыни ойлауының ұшқыр болуы. Сондай-ақ, мұғалімдердің кәсіптік шеберлігін жетілдіру, олардың өз тәжірибесімен бөлісіп, кері байланыс алуының арқасында дамитындығын саналы түсінуге апараты.

Мұғалімдерде туындаған сұрақтар негізінде дер кезінде ашық кеңесу, ортақ талқылаулар жүргізу арқылы дұрыс жұмыс жасау бағытын беру назардан тыс қалмауы тиіс.

Бір сөзбен айтқанда, мұғалімдердің сөйлеуі, ойлауы мен өзара қарым-қатынасы бақылауда ұсталып, алға дамуға үлес қосуды мақсат ету керек.

Білім берудің қазіргі заман талабы - әр мұғалімнің өз қабілетін жетілдіре отырып, оқушылардың өмірлік кәсіби шеберлігін арттыру және қалыптастыру, қазіргі сапа стандартының кәсіптік білім беру саласы бойынша берген нұсқауларына, олардың біліктіліктеріне сай әрекет ету. Мұғалімдердің педагогикалық шеберлік мазмұны көптеген ауқымды талаптарды қамтиды. Біріншіден, мұғалімнің шеберлігі өз қызметіндегі педагогикалық іс-әрекеттердің белсенділігі арқылы іске асырылады. Осылайша, кәсіби құзыреттілікті педагогикалық қызметте сапалы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін, педагогтің кәсіби, коммуникативтік, тұлғалық қасиеттерінің барынша жиынтығы деп санауға болады. Олай болса, заманауи әлемге сай мұғалімнің төмендегі талаптарды, яғни құзыреттілік кешенді қанағаттандырғаны дұрыс деп санаймыз.

Құзыреттілік кешені: білім беру, коммуникативтік, әлеуметтік, тұлғалық құзыреттіліктерді құрайды. Ендеше бұл үшінші суретте тірек-сызбамен көрсетілген.



3 – сурет. Заманауи әлемге сай мұғалімге қойылатын талаптар

Білім беру құзыреттілігі - психология және педагогиканың негіздерін қолдана отырып, бағытты білімін терең игеру қабілеті, яғни заманауи әлемге сай педагогтың өзін-өзі өзгерте алу қабілеттілігі.

Коммуникативтік құзыреттілік - адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шет тілінде қатынас дағдыларының болуы.

Әлеуметтік құзыреттілігі - әлеуметтік-қоғамдық жағдайларға талдау жасай, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті.

Тұлғалық құзыреттілігі - отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті.

Жоғарыдағы талаптарды басшылыққа ала отырып, сапалы деңгейде даярланған болашақ маман иелері өзінің жеке және кәсіби қызметінде табысты жетістіктерге қол жеткізіп қана қоймай, мемлекетіміздің ұлттық экономикасының дамуына сүбелі үлесін қосып, Қазақстанның әлемдік қауымдастықта таңдаулы орын алуын қамтамасыз ете алады деп қорытындылаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗМІ:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстандық жол-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауы. – Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар.
2. Елбасымен бірге - жаңа жеңістерге». Жастар форумы. – Астана, 2015 жылғы 10 сәуір (<http://www.inform.kz>).
3. ҚР Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. -Астана, 2010. 37-38 бет.
4. С.М. Сеитова, С.Е. Сейткәрімова «Заманауи әлемге сай болашақ математика мұғалімін дайындаудың психологиялық-педагогикалық аспектілері», «Жансүгіров тағылымы». Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.-Талдықорған, 2018 жылғы 7 желтоқсан.142-147бет.
5. Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» Астана-2017 ж,12 сәуір
6. С.М.Сеитова, Г.К. Қалжанова және т.б. «Заманауи сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу».Оқу-әдістемелік құрал.Қарағанды 2018ж.114 бет.
7. Кузьмина, Нина Васильевна. «Способности, одаренность, талант учителя» 1985. - 32 с.

ТРЕБОВАНИЯ К ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ МАТЕМАТИКИ К СОВРЕМЕННОМУ МИРУ

Сеитова С.М., Сейткәрімова С.Е.

В статье рассмотрены вопросы компетентного подхода, требования к подготовке будущих учителей математики к современному миру. В современных условиях повышен спрос на социально активную, творческую личность, способную самостоятельно принимать решения и задуматься о новаторстве. Соответствие будущих учителей математики современному миру требует не только актуального знания своего предмета, но и функциональной грамотности, освоения информационно-коммуникационных технологий, творческого и критического мышления. В вузе поставлена задача сформировать профессиональную компетентность в подготовке современных будущих учителей. Качество образования определяется уровнем профессиональной деятельности и компетенцией учителя. В компетентном плане предусмотрено создание модели современного учителя.

Ключевые слова: *модель компетентности, профессиональная подготовка, компетенция, личностные, профессиональные качества, ценности, педагогическая практика.*

REQUIREMENTS FOR THE PREPARATION OF FUTURE TEACHERS OF MATHEMATICS TO THE MODERN WORLD

Seitova S., Seitkarimova S.

The article deals with the issues of competence approach, requirements for the preparation of future teachers of mathematics to the modern world. In modern conditions, there is an increased demand for a socially active, creative person who is able to make decisions independently and think about innovation. Correspondence of future teachers of mathematics to the modern world requires not only actual knowledge of the subject, but also functional literacy, development of information and communication technologies, creative and critical thinking. The task of the University is to form professional competence in the training of modern future teachers. The quality of education is determined by the level of professional activity and competence of the teacher. The competence plan provides for the creation of a model of a modern teacher.

Key words: *model of competence, professional training, competence, personal, professional qualities, values, pedagogical practice.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 02.11.2019ж.

ОӘК 373.1.02:519.71:002

БЕТ-ӘЛПЕТТІ ТАҢУ ӘДІСТЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ТАЛДАУ

Серіков Б., Кабдуалиев Д.К.

Қазіргі уақытта бет-әлпетті әр түрлі факторларға қарамастан 100% тани алатын ешқандай әдіс жоқ болғандықтан, белгілі бір мәселені шешу үшін ең танымал әдіс қолдану мәселесі туындайды. Сондықтан бұл жұмыста Виола-Джонс әдісі, конвективті нейрондық желілер және негізгі компоненттер әдісі бет-әлпетті танудың ең танымал және актуалды әдістері қарастырылады. Бет-әлпетті танудың заманауи әдістері сипатталады және талданады. Әдістерді талдау негізінде гибридті әдістерді құру перспективті болуы мүмкін.

Бет-әлпетті танудың әр түрлі әдістерінің тиімділігін салыстыру, олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін көрсету, әдістердің өнімділігіне салыстырмалы түрде талдау келтірілген.

Кілт сөздер: *Виола-Джонс әдісі, Хаардың қосымша белгілері, конвективті нейрондық желі, негізгі компоненттік әдіс, Eigenfaces, бет-әлпетті тану.*

Кіріспе. Бүгінгі күні бет-әлпеттерді табу міндеті тану мәселесін шешу кезінде маңызды орын алып келеді. Үлгіні тану теориясының тәжірибелік қосымшаларының бірі – адамның бетін автоматты түрде окшаулау және қажет болған жағдайда тұлғаны идентификациялау болып табылады. Адамдарды локализациялау мен тану үрдісіне негізделген процедуралар қауіпсіздік жүйелерде, сот сараптамасында, телеконференцияда, компьютерлік ойындарда және т.б. осы сияқты салаларда бет-әлпетті тануды қолдану өте маңызды екені белгілі.


Адамның бейнесіне идентификациялау технологиясы, басқа биометриялық индикаторларды пайдаланудан айырмашылығы, құрылғымен физикалық байланыс жасауды қажет етпейді және цифрлық технологияның қарқынды дамуын ескере отырып, жаппай қолдану үшін ең қолайлы болып табылады. Бұл технологияның негізгі

қиындықтары – ракурса, жарық жағдайларына байланысты және тағы сол сияқты факторлардың көптігі адамды тану нәтижесінің сапасына тікелей тәуелділігі [1, с. 103-106].

Мәселені талдау. Беттерді тану алгоритмдерінде қолданылатын ең маңызды әдістер Виола-Джонс әдісі, конволюциялық нейрондық желіні қолдану және негізгі компоненттер әдісі болып табылады.

Бет-әлпетті тану 4 кезеңнен тұрады: объектілерді басып алу, бет-әлпетті теңестіру, ерекшеліктерді алу және алынған сипаттамаларды үлгілермен салыстыру арқылы нәтиже шығару.

Мәселені шешу. Виола-Джонс әдісі жылжымалы терезе технологиясын қолданады. Бастапқы кескіннен кішірек болатын жақтау кескінінің белгілі бір қадамымен жылжытады және әлсіз классификаторлардың каскадын пайдаланып, терезеде бет-әлпет бар екенін анықтау үшін қолданылады. Бұл әдіс үшін, Хаар ерекшеліктері тұлға тану үшін мүмкіндіктер кеңістігі ретінде ұсынылды [5, с. 511–518].




Сурет1 – Хаардың қосымша белгілері

Бұл әдіске негізделген бетті тану алгоритмі 2 бөліктен тұрады: оқу алгоритмі және тану алгоритмі. Тану алгоритмі 10 000 бейнелердің сынақ үлгісін талдау арқылы үйренеді. Алгоритм 20-ға жуық масканы пайдаланады, олардың әрқайсысы үшін әлсіз классификатор дайындалып, барлық деректер базасына ең аз қателік жіберіледі. Үйрену нәтижесінде біз әлсіз классификаторлардың мәліметтер базасын аламыз.

Сонымен қатар, тану алгоритмі объектілерді әртүрлі кескіндерде ізделінетін дерекқорды пайдаланып іздейді. Шығарылымда алгоритм әртүрлі ауқымда табылмаған бөлінбейтін нысандардың бүкіл жиынтығын береді [2, с. 54-59].

Бет-әлпетті тануды кеңінен жүзеге асыратын келесі әдіс – конвективті нейрондық желіні қолдану. Конвективті нейрондық желіде жалпы салмақ (суреттің кез келген жерін анықтау) және жергілікті рецепторлық өрістер (екі өлшемді байланысқан нейрондардың рецепторлары бар) сияқты ерекшеліктер бар [3, с. 64-69].



Сурет2 – Конвективті нейрондық желі

Бет-әлпетті тану технологиясын енгізу үшін конвективті нейрондық желіні үйрету керек. Көптеген адамдардың суреттерін сақтайтын дерекқорды жасау керек. Әрбір фотосурет портретінде портретте бейнеленген адамның сипаттамалары бар болады: жас, жыныс, позиция және т.б. Енгізуге адамның бет-бейнесі бейнеленген. Жергілікті қабылдау

өрісі бұл портретті қарап шығып, кейбір мәліметтерді оқиды. Әрбір қабылдағыш өріс туралы ақпарат функциямен өзгертіліп, келесі қабаттың әрбір нейронына жазылады. Бұл процесс желінің әрбір қабатында жалғасады. Осы жұмыс барысында желі тану үшін қажетті сурет сипаттамаларын алады. Бұл сипаттамалар сурет ауқымына, суреттің ракурсына, айналу және т.б. факторларға байланысты емес. Нәтижесінде деректер базасында сақталған суреттердің бірімен сәйкестік орнатылады.

Бет-әлпетті тануды үйрететін нейрондық желі тану керек адамның бейнесін сканерлейді және бұл суреттегі бет-әлпеттің аймағын табады. Бет аумағы жарықтықты, контрасты, қанықтығын немесе әзірлеуші белгілеген басқа параметрлерді өзгерту арқылы өзгертіледі. Алынған адам дерекқордағы қолданыстағы портреттермен салыстырылады және осылайша тұлғаны тану жүзеге асырылады [3, с. 64-69].

Үшінші әдіс – негізгі компоненттік әдіс болып табылады. Бұл әдіст адамдардың бет-бейнесі бейнелеудің негізгі компоненттерінің жиынтығы ретінде бейнеленген, олар «Eigenfaces» деп аталады. Негізгі құрамдас бөліктердің есептелуі өзен векторларын есептеу және коварианттың матрицасының өзіндік мәндері болып табылады, ол кескіннен есептеледі [4, с. 44–54].



Сурет3 – Жеке векторларының суреттерінің мысалы

Бетті тану барысында танылатын тұлғаның негізгі компоненттері барлық қол жетімді бейнелер жиынтығымен салыстырылады. Осы әдіске негізделген алгоритмді дұрыс пайдалану үшін сол адамның суреттері өз кеңістігінде бір кластерге орналастырылады. Салыстыру адамның танылған адамнан қысқа қашықтыққа ие дерекқордан суреттерін іздеу арқылы жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген әдістердің артықшылығы мен кемшіліктері бар. Виола-Джонстың негізгі әдістерінің артықшылықтары арасында қарапайым енгізуді, дерекқорда ескі деректерді тез жасақтауды немесе өңдеуді, 30 градусқа дейін бет айналдыру кезінде жоғары тану дәлдігін, адамның пайда болуындағы сәл өзгерістерден (сақал немесе мұрт, көзілдіріктің, бас киімнің болуы) әдісті тәуелсіздігін атап өтуге болады. Бұл әдісдің кемшіліктері – алгоритмнің ұзақ оқу уақыты, алгоритм жылдамдығын жақсарту үшін үшінші тарап технологияларын қолдану қажеттілігі.

Конвективті нейрондық желілердің артықшылықтары: тұлғаның бетіне жарық түсіруден тәуелсіздігі, сақал-мұрттың, көзілдіріктің және желінің тез үйрену кезінде ол тұлға тану үшін қажетті айрықша ерекшеліктерді өзі тандай бастайды. Нейрондық желінің кемшіліктерінің қатарында қанағаттанарлық нәтиже алу үшін оқыту мен баптаудың күрделілігін, іске асырудың күрделілігін және дерекқорға жаңа стандарт қосу кезінде қайта даярлау қажеттілігін атап өтуге болады.

Қорытынды. Негізгі компоненттердің әдісі оңай, іске асырылуы өте оңай және беттің ракурсы, тұлға жарықтылығы, адамның сыртқы көрінісінің, мысалы мұрты, сақал, көзілдірік және т.б. факторларға қарамастан тез орындалуын артықшылықтарына жатқызуға болады.

Осы әдістердің жұмысын салыстыру үшін 1000 адамның бет-әлпеттерінен тұратын деректер базасынан тестіленді және келесі нәтижелер алынды. Виола-Джонс әдісі жеделдетілген технологияларды пайдаланып, орташа уақытты 1,96 секундқа 0.93%

дәлдікпен таныды. Негізгі компоненттер әдісі 2.87 секундта 0.89% дәлдікпен, ал конвективті нейронды желі 1.92 секундта 0.91% дәлдігін адамдардың бет-әлпетін анықтады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Буй Тхи Тху Чанг, Фан Нгок Хоанг, Спицын В.Г. Алгоритмическое и программное обеспечение для классификации цифровых изображений с помощью вейвлет-преобразования Хаара и нейронных сетей // Известия Томского политехнического университета. – 2011. – Т. 319. – № 5. – С. 103–106
2. Буй Тхи Тху Чанг, Фан Нгок Хоанг, Спицын В.Г. Распознавание лиц на основе применения метода виолы-джонса, вейвлет-преобразования и метода главных компонент // Известия Томского политехнического университета. – 2012. – Т. 320. – № 5. – С. 54-59
3. Друки А.А. Система поиска, выделения и распознавания лиц на изображениях // Известия Томского политехнического университета. Инжиниринг георесурсов. – 2011. – Т.318. - №5. – С. 64-69
4. Мокеев А.В., Мокеев В.В. Об эффективности распознавании лиц с помощью линейного дискриминантного анализа и метода главных компонент // Бизнес-информатика. 2015. № 3 (33). С. 44–54
5. Виола П., Джонс М.Дж. Быстрое обнаружение объектов с использованием расширенного каскада простых функций // IEEE Conf. по компьютерному зрению и распознаванию образов. - Кауаи, Гавайи, США, 2001. - Т. 1. - С. 511–518.

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ МЕТОДОВ РАСПОЗНАВАНИЯ ЛИЦА

Сериков Б.Б., Кабдуалиев Д.К.

На данный момент нет метода, который распознает лица на 100%, из за этого существует проблема с использованием самого популярного метода для решения конкретной проблемы. Поэтому в данной работе рассматриваются наиболее популярные и актуальные методы метода Виолы-Джонса, сверточные нейронные сети и методы главных компонент. Описаны и проанализированы современные методы распознавания лиц. Гибридные методы могут быть перспективными на основе анализа методов.

Проведен сравнительный анализ эффективности разных методов распознавания, их достоинств и недостатков, а также эффективности методов.

Ключевые слова: *метод Виолы-Джонса, признаки Хаара, сверточная нейронная сеть, метод главных компонент, Eigenfaces, распознавание лиц.*

COMPARATIVE ANALYSIS OF FACE RECOGNITION METHODS

Serikov B., Kabdualiyev D.

At the moment there is no method that recognizes 100% of faces, because of this there is a problem with using the most popular method to solve a specific problem. Therefore, this paper discusses the most popular and relevant methods of the Viola-Jones method, convolutional neural networks and methods of principal components. Modern facial recognition methods are described and analyzed. Hybrid methods can be promising based on the analysis of methods.

A comparative analysis of the effectiveness of different recognition methods, their advantages and disadvantages, as well as the effectiveness of the methods, has been carried out.

Key words: *Viola-Jones method, Haar signs, convolutional neural network, principal component method, Eigenfaces, face recognition.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.12.2019ж.

ОӘК 373.1.02:519.71:002

PHP-ДЕ MYSQL ДЕРЕКТЕР ҚОРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Смагулова Л.А., Турсынов Н.

Мақалада деректер қорымен жұмыс істеу негіздері және PHP-дің түрлі серверлермен, соның ішінде MySQL-мен өзара әрекеттесуіне арналған мүмкіндіктер сипатталған. PhpMyAdmin көмегімен деректер қорын құру, MySQL дерекқор серверіне қосылу және дерекқорға қолданылатын SQL сұраныстар қарастырылады.

Кілт сөздер: *деректер қоры, PHP, клиент-серверлі ДҚБЖ, браузер, PhpMyAdmin, SQL құрылымдық сұраныстар тілі, деректер қорымен байланыс.*


Деректер қоры-бұл сайт контентін сақтауға және өңдеуге мүмкіндік беретін құрал, яғни браузерде пайдаланушыға көрсетілетін барлық медиалық материалдар. Деректер қорын басқару жүйесі (ДҚБЖ) көмегімен деректерді таңдау, қосу, жою және өзгерту жүзеге асырылады [1]. Сонымен қатар, деректер қорын пайдалана отырып, сайт бойынша іздеу, беттерге бөлу, пайдаланушыларды тіркеу және авторизациялау сияқты міндеттер оңай шешіледі. Сондықтан да веб-өндеушінің негізгі құралдарына ДҚБЖ қосылады.

PHP –де үлкен деректерді өңдейтін кешенді қосымшаларды құруға мүмкіндік беретін әр түрлі деректер қоры серверлері қосылған. PHP қолдайтын деректер қоры серверлері dBase, FrontBase, InterBase, FilePro, Informix, MySQL, Oracle және т.б. Осылардың ішінде кең қолданыс тапқан және web-қосымшалар құру үшін PHP-мен бірлесіп қолданылатын MySQL деректер қоры сервері [2].

MySQL-бұл түрлі қосымшаларда қолданылатын танымал реляциялық клиент-серверлік ДҚБЖ. Ол қашықтықтағы компьютерлер қолданушылары қосыла алатын сервер болып табылады. Реляциялық деректер қорын басқарудың стандартты тілі SQL болып табылады. SQL құрылымдық сұраныстар тілін (Structured Query Language) білдіреді, оны басқа бағдарламалармен байланыс үшін пайдаланады. Сонымен қатар, MySQL пайдаланушыларға қосымша функционалды қамтамасыз ету үшін өзінің SQL кеңейтілген функцияларына ие [3].


MySQL-мен жұмыс істеуге арналған арнайы кірістірілген функциялар осы ДҚБЖ-мен қарапайым және тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді: кез келген сұраныстарды орындау, деректерді оқу және жазу, кателерді өңдеу. Деректер қорына қосылатын сценарийлер сұраныстар орындайды және нәтижені көрсетеді және ол сұраныстар бірнеше ғана жолдан тұрады. MySQL-мен жұмыс істеу үшін қосымша ештеңе орнатудың және баптаудың қажеті жоқ, қажеттілердің барлығы PHP стандартты жеткізілімімен бірге қол жетімді.

PHP-де деректер қорымен жұмыс істеу үшін XAMPP Web өндеушісі жиынтығына кіретін MySQL деректер қоры серверін пайдаланған ыңғайлы. Деректер қорын өңдеу үшін PhpMyAdmin бағдарламасын пайдаланады. PhpMyAdmin - бұл браузерде деректер қорымен жұмыс істеуге арналған қабықша. Онда жаңа деректер қорын құруға, таңдалған деректер қорынан жаңа кестені құруға, кестені деректермен толтыруға, сондай-ақ деректерді қосуға, жоюға және жөндестіруге болады(1-ші сурет). ДҚ жұмыс жасау үшін 1-ші суреттегі MySQL серверін жүктеу керек.




1-сурет. XAMPP басқару панелі

phpMyAdmin-ді ашып деректер қорын құру процесін қарастырайық. Локальді компьютерде кез келген браузерде localhost/phpMyAdmin/ деп жазамыз, сонда бізге 2-ші суреттегідей терезе ашылады.




2-сурет. ДҚ құру терезесі

Бұл терезеде Databases қаттамасын шертіп, Create databases өрісіне құрылатын деректер қоры атауын енгіземіз, біздің мысалымызда ол test болады және Codation өрісінде utf8_general_ci кодировкасын тандап, Create батырмасын шертеміз, сонда бізде test атаудағы ДҚ құрылады (3-ші сурет).



3-сурет. test ДҚ терезесі

Енді мұнда ДҚ кестелерін құрамыз. Ол үшін Create table батырмасын шертіп, Name өрісіне кесте атауын, кестенің бағандар санын енгізіп, Go батырмасын шертеміз. Сонда ашылатын терезеде өрістер атауларын және олардың типтерін енгіземіз (4-ші сурет).



4-сурет. ДҚ кестелерін құру терезесі

Ары қарай құрылған кестенің ішін деректермен толтыруға, өзгерістер енгізуге, құрылымын өзгертуге болады.

Деректер қорын құру бойынша phpMyAdmin-мен жұмыс жасап болғаннан кейін, осы деректер қорын сыртқы веб-интерфейске қосу керек. Бұл процесс бірнеше қадамдардан тұрады:

1. Қажетті параметрлерді: мекен жай, логин, құпия сөзді орнату арқылы ДҚБЖ серверіне қосылуды орнату;
2. Қосылудың сәтті өткеніне көз жеткізу: ДҚБЖ сервері қол жетімді, логин мен құпия сөз дұрыс және т.б.;
3. Дұрыс SQL сұранымын құрастыру;
4. Сұраныс сәтті орындалғанына көз жеткізу;

5. Массив түріндегі жазбалардан тұратын ДҚБЖ нәтижесін алу;
6. Алынған жазбаларды сценарийде пайдалану.

MySQL деректерімен жұмыс істеуді бастамас бұрын ДҚБЖ серверімен байланыс ашу керек, PHP-де бұл `mysqli_connect ()` стандартты функциясы арқылы жасалады [4].

Сервермен байланысты орындау үшін кем дегенде үш параметрді білу керек:

- ДҚБЖ серверінің мекен-жайы;
- логин;
- құпия сөз.

Егер MySQL орнатудың стандартты процедурасын ұстансақ немесе OpenServer пайдалансақ, онда сервердің мекен-жайы `localhost`, құпия сөзі `Root` болады. Қосылым үшін OpenServer-ді пайдаланған жағдайда құпия сөз - бос жол болады `' '`. Ал егер ДҚ интернетте болса, онда бұл деректерді хостер беретін болады.

Енді деректер қорымен байланысты орнатып көрелік:

```
<?php
$host = 'localhost';
$user = 'root';
$password = '';
$db_name = 'test';
$myConnect = mysqli_connect($host, $user, $password, $db_name);
?>
```

мұндағы `$host` айнымалысы - хост атауы, жергілікті компьютерлерде бұл `localhost` болады, `$user` - қолданушы атауы, келісім бойынша `root`, `$password` - құпия сөз, келісім бойынша бос жол, `$db_name` – біздің мысалымыздағы деректер қоры атауы, `$myConnect` – деректер қорымен байланысу жазылатын айнымалы.

MySQL серверімен байланыс орнатылғаннан кейін, деректер қорын таңдау керек. Ол үшін `mysql_select_db()` функциясы қолданылады. Оның аргументі - деректер қорының атауы болып табылады. Егер көрсетілген деректер қоры бар болса және қол жетімді болса, функция `true` мәнін қайтарады. Мысалы:

```
mysql_select_db ( $db_name ) or die ("$db_name ашу мүмкін емес");
```

Деректерді қосу, өшіру, өзгерту және таңдау үшін SQL сұранысын құрып, оны орындау қажет. Ол үшін PHP тілінде `mysql_query ()` функциясы бар. Оның аргументі – сұраныстар жолы. Функция сұраныс идентификаторын қайтарады.

```
<?php
$result = mysqli_query ($myConnect, "SELECT*FROM workers WHERE id>0");
var_dump($result);
?>
```

Бұл сценарийді орындау нәтижеінде `workers` кестесінен `id` өрісінің мәні 0-ден үлкен деректер сұрыпталып шығады. Деректер қорына басқа да SQL командаларын қолдануға болады.

Сонымен, web-деректер қоры архитектурасы қалай жұмыс істейді:

PHP MySQL серверіне қосылуды орындап, сұраныс жібереді. Сервер деректер қорына сұрауды қабылдайды, оны өңдейді және нәтижелерді қайтадан PHP механизміне жібереді. PHP механизмі сценарийдің орындалуын аяқтайды, HTML-де сұраныс нәтижесін қалыптастырады. Осыдан кейін, HTML түріндегі нәтиже Web-серверге қайтарылады. Web-сервер HTML-ді браузерге жібереді, мұнда пайдаланушы сұраныстың нәтижесін көре алады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Дронов В. PHP 5/6, MySQL и Dreamweaver CS4. Разработка интерактивных Web - сайтов / В. Дронов.- СПб.: БХВ-Петербург, 2009.- 544с.
2. Хольцнер С. PHP в примерах включая версию 6 / С. Хольцнер; Пер. с англ. под ред. С. Н. Банникова.- М.: Бином-пресс, 2009.- 352с
3. Оңғарбаева А.Д, Смагулова Л.А., Нұрмұханбетов С.М, Исаева Г.Б. Managing the MYSQL database and the stages of development of client server information system using MYSQL . Қазақстан Республикасы ұлттық ғылым академиясының Әль – Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабарлары, Наурыз – Сәуір, Алматы 2018, 46-53б.
4. Колисниченко Д. Современный сайт на PHP и JavaScript/Д. Колисниченко.- СПб.: Питер, 2009.- 176с.

ОСОБЕННОСТИ РАБОТЫ С БАЗАМИ ДАННЫХ MYSQL В PHP

Смагулова Л.А., Турсынов Н.

В статье описаны основы работы с базами данных и возможности, которые PHP предлагает для взаимодействия с различными типами серверов, в том числе с MySQL. Рассмотрены процесс создание базы данных с помощью phpMyAdmin, соединения с сервером базы данных MySQL и SQL-запросы применяемые для БД.

Ключевые слова: база данных, PHP, клиент-серверный СУБД, браузер, PhpMyAdmin, язык структурированных запросов SQL, связь с БД.

FEATURES OF WORKING WITH MYSQL DATABASES IN PHP

Smagulova L.A., Tursynov N.

This article describes the basics of working with databases and the possibilities that PHP offers for interacting with various types of servers, including MySQL. The process of creating a database using phpMyAdmin, connecting to the MySQL database server, and SQL queries used for the database are considered.

Key words: database, PHP, client-server DBMS, browser, PhpMyAdmin, structured SQL query language, database connection.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 03.12.2019ж.

ОӘК 373.1.02:519.71:002

PYTHON БАҒДАРЛАМАСЫНДА ТАРМАҚТАЛУ ОПЕРАТОРЛАРЫМЕН ЖҰМЫС

Шалтабаев А.А., Майкина Г.Б., Нұрмұханбетов С.М.

Бүгінгі таңда бағдарламалау тіліне деген қызығушылық жыл сайын артуда. Яғни, сандық және ақпараттық технологияларды күнделікті өмірімізге енуі және оның дамуын сезудеміз. Егер қарапайым адам компьютермен жұмыс істесе, ерте ме, кеш пе, оның бағдарламаға деген ниеті туындайды, ал кейде қажеттілік пайда болады. Қазіргі таңда бағдарламалау тілдері көп, соның ішінде python тілі қолданушыға ыңғайлы және ең көп

тараған тілдердің бірі болып саналады. Python тілі - қазіргі заманғы әзірлеудің барлық салаларында қолданылатын қарапайым, икемді және керемет танымал тіл. Бұл мақалада Python бағдарламасында тармақталған операторлармен жұмыс істеу негіздері қарастырылады. Python бағдарламасында біз тармақтау операторларының мүмкіндіктерін пайдалана отырып бірнеше мысалдарды қарастырдық. Python тілінде қолданушының алдында: алгоритмдік, сызбанұсқалық және бағдарламалық кодтар ұсынылған.

Кілт сөздер: сызбанұсқа, алгоритмдер, тармақтау, жинақтар, параметр, айнымалы, функциялар, индекстер.

Бүгінгі таңда адам өмірінде компьютерді қолдану күннен-күнге кеңейуде. Компьютердің әмбебаптығы ойын бағдарламаларынан бастап мәліметтер қоймасын басқару жүйесіне дейін, яғни бағдарламалық жабдықтамалардың әр алуандығымен айқындалады. Кез келген міндетті орындау алгоритмінің болуын қажет етеді. Алгоритм негізінде бағдарлама құрылады, яғни есеп шешуінің алгоритмі оны компьютерде орындауға жарамды түрде жазылады.

Бағдарламаның орындалу барысы сызықтық болуы мүмкін, яғни өрнектер біріншісінен бастап соңғысына дейін бір-бірінен кейін бірі орындалатындай болуы мүмкін. Бағдарлама кодының бірде-бір жолы орындалмай қоймайды. Алайда, бағдарламаларда олай болмауы мүмкін. Кодты орындау кезінде, қандай да бір шарттарға байланысты, оның кейбір жерлері орындалауы мүмкін, яғни сол сәтте бағдарламаның басқа жолы орындалады [1].

Басқаша айтқанда, бағдарламада шартты оператор – бағдарламалау тілінің ерекше құрылымын іске асыратын тармақ болуы мүмкін.

Шынайы қарайтын болсақ, адам кесте бойынша өмір сүреді. Кесте - бұл адам үшін алгоритм, оның орындалуы тиіс бағдарламалық коды. Сағат 16.00-де бассейнге бару керек. Алайда, белгілі бір себептермен бассейннің суын ағызып жіберді дейік. Жүзу бойынша сабақты тоқтатып, басқа амалдарды орындаймыз, яғни бағдарлама кестені орындау барысын өзгертеміз.

Мұндай сызықтық емес әрекеттер компьютерлік бағдарламада іске асырылуы мүмкін. Мысалы, кодтың бір бөлігі тек белгілі бір айнымалы мәнде орындалады. Бағдарламалау тілдерінде төменде көрсетілгендей шартты оператордың құрылымы қолданылады:

```
If логикалық өрнек {
  1 - өрнег;
  2 - өрнег;
  ...
}
```

Адам тіліне былай аударсақ: егер логикалық өрнек шындықты айқындаса, онда фигуралық жақшалардың ішінде өрнектер орындалады; егер логикалық өрнек жалған жалған болса, онда фигуралық жақшалардың ішіндегі код орындалмайды. Мысалға біз осы x санын табайық. Егер x – айнымалысына 5- деген оң сан берсек, онда жауабы 10 тең болады. Керісінше -5 санын берсек, x айнымалысының жауабы -8 тең болады. Питондағы бағдарламаның тиісті фрагменті бар:

```
x = int(input())
if x > 0:
  print(x+5)
else:
  print(x-3)
```


Бұл бағдарламада if шартты командасы (егер) қолданылады. If сөзінен кейін қос нүктемен аяқталатын тексеру шарты ($x > 0$) көрсетіледі. Содан кейін else (әйтпесе) сөзі, сондай-ақ қос нүктемен аяқталатын жолы іске асырылады.

Алгоритмдік тілде қойылған шартқа байланысты екі немесе екіден де көп тармақтары бар алгоритм - тармақталған алгоритм деп аталады. Шартты көшу операторының жалпы жазылуы:

If (шарт) : <1-оператор> Else : <2-оператор>;

Мұндағы: If (егер) қызметші сөзінен кейінгі жазылған шарт ақиқат болса : (онда) сөзінен кейінгі жазылған 1- оператор орындалады, шарт сақталмаса Else : (әйтпесе) сөзінен кейінгі 2-оператор орындалады. Шартты көшу операторы алгоритмдік тілдегі тармақталу командасына сәйкес келеді [2].

Егер (шарт) :

Онда < 1 -оператор>

Әйтпесе <2-оператор>

Бітті

Барлық бұрын қарастырылып отырған бағдарламалардың сызықтық құрылымы бар: барлық нұсқаулықтар тізбектеле орындалды, әрбір жазылған нұсқаулық міндетті түрде орындалады.

Мәселен, Питондағы шартты нұсқаулық келесі синтаксиске ие:

Егер шарты:

1 нұсқаулық блогы

әйтпесе:

2 нұсқаулық блогы

Егер шарт шынайы болса, 1- нұсқаулық блогы орындалады. Егер шарт жалған болса, 2 -нұсқаулық блогы орындалады. 1-суретте көрсетілген.



1-сурет. Шартты көшу операторы толық түрдегі сызбанұсқасы

Егер, шартқа байланысты орындалатын бір ғана оператор болса, шартты көшу операторы қысқаша түрде жазылады. 2- суретте көрсетілген.



2-сурет. Шартты көшу операторы қысқа түрдегі сызбанұсқасы

Тармақталу командаларында логикалық амалдарды қолдануға болады. Атап айытсақ, Not - емес. And - және. Or - немесе. Xor - немесе кері [3].

Жоғарыда біз тармақталу командаларының жазылу реті мен қолдану мүмкіндіктерін қарастырдық. Енді бірнеше мысалдардың алгоритмдік, сызбанұсқалық және Питон бағдарламасында шығарылуын көрсетейік.

1- мысал. Үшбұрыштың үш қабырғасының ұзындықтары a , b , c белгілі.

Үшбұрыштың ауданын анықтаңыз.

Алгоритмдік тілде жазылуы және 3-суретте сызбанұсқасы төменде көрсетілген.

Алгоритмдік тілде орындалуы.

Берілгені: A, B, C

Табу керек: S мәнін.

Алг Үшб.қ.м.ж.анықтау

Арг A, B, C

Нәт S

Басы

Енгізу A, B, C

Егер $(a > 0)$ және $(b > 0)$ және $(c > 0)$ және $(A + b > c)$ және $(b + c > a)$ және $(a + c > b)$

Онда

$$P := (a + b + c) / 2$$

$$S := \sqrt{p * (p - a) * (p - b) * (p - c)}$$

Шығару S

Әйтпесе

Шығару (Берілген сандар үшбұрыш қабырғаларының ұзындығының мәніне жатпайды)

Бітті

соны



3- сурет. Берілген есептің сызбанұсқасы

Python тілінде шығарылуы.

```

import math
print ('san engiz:')
a = float(input('a = '))
b = float(input('b = '))
c = float(input('c = '))
if (a>0 and b>0 and c>0 and (a+b)>c and (b+c)>a and (a+c)>b):
    p = (a + b + c) / 2;
    s = math.sqrt(p * (p - a) * (p - b) * (p - c))
    print('audani : %.2f % s)
else:
    print('sandar zhatpaidi');
input('Enter basiniz')
  
```


2-мысал. Өрбір сыйлық қорабына 1 қалам, 2 сызғыш және 4 дәптер кіреді. Егер a сызғыш, b дәптер, c қалам берілген. Қанша сыйлық қорабын даярлауға болады? Есептің программасын құрыңыз.

Алгоритмдік тілде орындалуы.

Алг Мысал2

арг a, b, c

нәт a

Бүтін a, b, c

Басы

Енгізу a, b, c

$a := a \text{ div } 2$; “бүтінді бүтінге бөлгендегі бүтінін аламыз”

$b := b \text{ div } 4$;

Егер $a > b$

онда $a := b$


әйтпесе $a := c$

бітті

Шығару a

соңы

Берілген есептің сызбанұсқасы төменде 4-ші суретте көрсетілген.



4- сурет. Екінші мысалдың сызбанұсқасы

Python тілінде шығарылуы.

```
print("sisgi, dapter,kalam sanin engiziniz")
```

```
a = int(input())
```

```
b = int(input())
```

```
c = int(input())
```

```
a = a//2
```

```
b = b//4
```

```
if a > b:
```

```
    a = b;
```

```
if a > c:
```

```
    a = c;
```

```
print("siy korabi sani", a)
```

```
input("Enter basiniz")
```

3-мысал. Оң, нақты x, y, z сандары берілген. Қабырғалары x, y, z болатын үшбұрыштың бар екендігін анықтаңыз, бар болса бұрышының типін көрсетіңіз.

Алгоритмдік тілде орындалуы.

Алг Есептің алгоритмі

бүтін a, b, c

Басы

Енгізу a, b, c

Егер $a + b \leq c$

Онда

Шығару ('Сіз берген сандар үшбұрыш емес')

Әйтпесе Егер $c = \sqrt{a^2 + b^2}$

Онда

Шығару ('тік үшбұрыш')

Әйтпесе Егер $\sqrt{((a^2) + (b^2) - (c^2))/(2 * a * b)} > 0$

Онда


Шығару ('сүйір үшбұрыш')

Әйтпесе

Шығару ('доғал үшбұрыш')

соңы

Берілген есептің сызбанұсқасын төменде 5-ші суретте көрсетілген.



5- сурет. Үшінші мысалдың сызбанұсқасы

Python тілінде шығарылуы.

```

import math
a=int(input("a -> "))
b=int(input("b -> "))
c=int(input("c -> "))
a,b,c=sorted([a, b, c])
if a+b<=c:
    print('Siz bergен sandar ushburish emes')
elif c==math.sqrt((a**2)+(b**2)):

```



```

print('Tik burish')
elif ((a**2)+(b**2)-(c**2))/(2*a*b)>0:
print('Suir')
else:
print('Dogal')
input('Enter basiniz')

```

Қорыта айтқанда, жоғарыда берілген есептердің көмегімен Python бағдарламасында тармақталу операторларының мүмкіндіктерін қолдана отырып бірнеше мысалдар қарастырдық. Қолданушының алдында: алгоритмдік, сызбанұсқалық және Python бағдарламасын есептің шығарылу жолдары көрсетілген. Яғни, қолданушыға Python тілінде тармақталу командаларымен жұмыс істеуге толық мүмкіндігі бар.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. А.Н. Чаплыгин. Учимся программировать вместе с Питоном. Учебник. – ревизия 226. – 135 с.
2. Д.Ю. Федоров . Программирование на языке высокого уровня Python. Санкт-Петербург 2019, – 85 – 90 с.
3. Марк Лутц. Изучаем Python. 4-е издание. – Пер. с англ. – СПб.: Символ-Плюс, 2011, – 48 с.

РАБОТА С ОПЕРАТОРАМИ РАЗВЕТВЛЕНИЯ В ПРОГРАММЕ PYTHON

Шалтабаев А.А., Майкина Г.Б., Нурмуханбетов С.М.

На сегодняшний день интерес к языку программирования с каждым годом растет. Можно заметить внедрение цифровых и информационных технологий в повседневную жизнь и ее развитие. Если человек работает с компьютером, рано или поздно, возникает его желание на программирование, а иногда возникает необходимость. В настоящее время существует много языков программирования. В частности, Python является одним из наиболее распространенных языков, удобных для пользователя. Язык Python - простой, гибкий и невероятно популярный язык, используемый во всех областях современности. В этой статье рассматриваются основы работы с операторами разветвления в программе Python. В программе Python мы рассматривали несколько примеров с использованием возможностей операторов разветвления. Перед пользователем представлены: алгоритмические, блок - схемы и программные коды в языке Python.

Ключевые слова: блок - схема, алгоритмы, ветвления, сборники, параметр, переменная, функции, индексы.

WORKING WITH BRANCH OPERATORS IN THE PROGRAM PYTHON

Shaltabayev A., Maikina G., Nurmukhanbetov S.

Today, interest in the programming language is growing every year. You can see the introduction of digital and information technologies in everyday life and it is development. If a person works with a computer, sooner or later, there is a desire for programming, and sometimes

there is a need. Currently, there are many programming languages. In particular, Python is one of the most common user-friendly languages. Python is a simple, flexible, and incredibly popular language used in all areas of modernity. This article covers the basics of working with branching operators in Python. In the Python program, we looked at several examples using the capabilities of branching operators. Before the user is presented: algorithmic, flowcharts and program codes in the Python language.

Key words: *block diagram, algorithms, branching, collections, parameter, variable, functions, indexes.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 26.10.2019ж.

**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-
ФЫЛЫМДАР**

**ЕСТЕСТВЕННЫЕ
НАУКИ**

**NATURAL
SCINCES**

ЖЫЛЫЖАЙДАҒЫ КӨКӨНІС ЗИЯНКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАРСЫ ҚОЛДАНЫЛАТЫН БИОПРЕПАРАТТАРДЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Ақмуллаева А.С., Смадилова А.Қ., Абсейтов Т.М.

Қазіргі жағдайда өсімдік өнімділігін арттыру үшін биостимулятор қолдану арқылы ғылыми негізделген экологиялық қауіпсіз пайдалану, химиялық заттарды минималды қолдану арқылы озық технологияларды кеңінен енгізу арқылы жоғары өнімді алуға қол жеткізуге болатындығы анықталды.

Көкөніс буданынына Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеуіштерінің Қияр Уран F1 және қызанақтың Розана F1 өсу процесінің әсер ететіндігін зерттелді. Биодукс, ж. 5,0 мл/га (вегетациялық кезең) қолданылған топ және Новосил 5,0 мл/га (вегетациялық кезең) қолданылған топ қиярдың өсу процесінде басқа топтен салыстырғанда ең жоғарғы өсімділікті көрсетті.

Кілт сөздер: жылыжай, көкөніс, зиянкестер, түр құрамдары, биопрепараттар.

Тақырыптың өзектілігі. Өсімдіктердің климаттық, су, тұз, осмотикалық, температура және басқа кернеулерге өсіп келе жатқан қарсыласуымен максималды өсімдік өнімділігін енгізу арқылы өсімдік реттегіштері асырылуы мүмкін. Өсімдіктерді өсіруге арналған реттегіштер, немесе олар сондай-ақ, биостимуляторлар деп аталатын табиғи немесе синтетикалық қосылыстар болып табылады, олардың өте аз мөлшері өсімдіктердің өсуі мен дамуында елеулі өзгерістерге әкелуі мүмкін. Көптеген ғалымдардың пікірінше, зиянды қоршаған орта факторларынан болатын өсімдік шығындары генетикалық тұрғыдан анықталған өнімділіктің 50-80%-на жетеді. [1].

Жылыжайда көкөністерді өндіруді арттыру үшін жоғары технологиялық тәсіл негізінде, зиянкестерден қорғаудың тиімді құралдарын пайдалану қажет. Сонымен қатар, биологиялық реттегіштерді қолдану, жаңа технологияларды дамыту арқылы өсіруге назар аудару керек [2].

Мақалада жылы жайдағы көкөністер зиянкестерінің түр құрамдары және ауруларының түрлері, оларға қарсы қолданылатын биологиялық препараттарды жетілдіру.

Зерттеу әдіс-тәсілдері

Зерттеу нәтижелері бойынша адамдарға, жануарларға, балықтарға, энтомофагтарға және бал араларына арналған препараттың толық қауіпсіздігі көрсетілген.

Технологиясы:

1. Суда жұмыс ерітіндісін дайындау.
2. Тұқымдарды алдын ала өңдеу.
3. Вегетациялық кезеңде екі-үш рет бүрку.

Өсімдіктер құрғақ ауа райында, таңертен немесе кешкі уақытта жақсырақ өңделуі керек, оңтайлы температура + 12-ден +25 °С дейін болады. Препаратты тұқымдарға, түйнектер мен өсімдіктерге ену бірнеше сағат ішінде қол жеткізіледі. Ең көп әсер емдеуден кейін 7-10 күн ішінде өтеді және мәдениетке байланысты 15-20 күнге дейін созылады.

Тәжірибе базасы: жабық жерде, яғни жылыжайда жасалынған, тіркелген. Тәжірибелік аумақтың көлемі-300м².

Жылыжайдағы температуралық режим көкөніс өсімдігінің дамуына қатты әсер етеді. Өсімдіктің вегетативтік немесе генеративтік өсуіне қарай орташа тәуліктік температураны уақытылы реттеп отыруға болады. Өсімдіктің ортанғы сабақтары шпалерлерге жеткенде, жанама өркендері қарқынды өсуі үшін, түнде ауа температурасын 3-7 тәулікке 21⁰С-қа төмендету керек. Сол кезде түйіндері мықты болып қалыптасуына жақсы әсер етеді. Көкөніс дақылдың алғашқы өсу кезеңінде жылыжайда түнгі

температура аса жоғары болса, өсімдіктер қарқынды бой алып, шпалерлерге тез өсіп жетеді. Бұл жағдайда 7-8-жапыраққа дейін төменгі түйіндерін алып тастау керек.

Биологиялық тиімділік зиянкестің сан мөлшерінің бастапқымен салыстыру бойынша төмендеу деңгейімен анықталады. Биологиялық тиімділікті есептеу 1-ші формула бойынша жүргізілді: [5].

$$\mathcal{E} = 100 \cdot (1 - T_a / T_b), \quad (1)$$

\mathcal{E} – бастапқымен салыстырғанда, зиянкестің сан мөлшерінің төмендеуінің %-бен көрсетілген тиімділігі;

T_a – өңдеуден кейін аққанаттың (ересегі мен дернәсілі) тірі қалған дарақтарының саны;

T_b – өңдеуден алдын аққанаттың саны.

Жылыжай көкөніс жапырағында сан мөлшері кемінде 60 дарақтары бар (ересектері мен дернәсілдері) темекі және жылыжай трипстері, бақша және жылыжай бітелерінде сынақтар жүргізілді. Өңделген күні танертеңгісін зиянкестің ересектері мен дернәсілдерінің сан мөлшерін есептеу жұмыстары жүргізілді. Таңдалған өсімдік топтарында әрбір өсімдіктің 3 жапырағында орналасқан зиянкестер есепке алынды. Кейінгі есептер 3, 7, 14 күннен кейін жүргізілді. Препараттың биологиялық тиімділігі келесі формула бойынша есептелді:

$$\mathcal{E} = 100 \cdot (1 - T_a \cdot c_b / T_b \cdot c_a), \quad (2)$$

\mathcal{E} – бақылауға түзетумен өсімдіктің зақымдалуы немесе зиянкестің сан мөлшерінің төмендеуі %-бен көрсетілген препараттың тиімділігі;

T_a – тәжірибеде өңдеуден бұрын зақымдалған өсімдіктің немесе тірі дарақтарының сан мөлшері;

T_b – тәжірибеде өңдеуден кейін зақымдалған өсімдіктің немесе тірі дарақтарының сан мөлшері;

c_b – алдын-ала есепте бақылауда зақымдалған өсімдіктің немесе тірі дарақтарының саны; c_a – кейінгі есепте бақылауда зақымдалған өсімдіктің немесе тірі дарақтарының саны.

Зерттеу нәтижелері

Жылыжайда көкөніс өнімдерін өсіру биологиялық белсенді заттардың қолданылуына негізделген заманауи әдістерді пайдалана отырып жоғары сапалы өнім өндіруді қамтамасыз ететін жаңа технологияларды әзірлеуді талап етеді. Өсімдік реттегіштерін қолдану өсімдіктердің иммундық жүйесін нығайтады, құрғақшылыққа төзімділікті, жеміс жиынтығын және кірістілігін арттырады, жемісінің пісуін тездетеді, салмағын арттырады және өнім сапасын жақсартады, нитраттар мен ауыр металдардың құрамын азайтады. Өсімдік реттеуіштерінің маңызды қасиеті - адамдарға және жануарларға зиянсыздығы [3].

Дәрілік препараттардың осындай әсеріне деген қызығушылығы олардың жоғары физиологиялық белсенділігі осы қосылыстарды өте төмен концентрацияда пайдалануға мүмкіндік береді. Өсімдік биостимуляторын қолдану токсикологиялық заттарды азайтуға мүмкіндік береді. Қолданылатын пестицидтердің мөлшерін азайту арқылы агрохеноздың құрамдас бөліктеріндегі жүктеме ағзадағы зат алмасудың өзгеруіне әкеледі, метаболизм реакцияларын жеделдетеді және ферментативті катализатордың құрамына байланысты сыртқы теріс факторларға дененің қорғаныштық реакцияларын арттырады [4].

Өсімдікке төзімділік эндогендік жүйеде сапалы өзгерістерге ықпал етеді. Төмен молекулярлық салмақ пен био-тыңайтқыштардағы қосымша энергия қорына не фитогормондар реакциялардың қозғалғыштығын арттырады, метаболизмнің уақытын

онша, тіпті жүздеген рет қысқартады. Биорегуляторлардың маңызды қасиеттерінің бірі аурулар мен зиянкестермен зақымдалу үшін өсімдіктердің кедергісін арттыру болып табылады. Қазіргі уақытта нарықта көптеген биостимуляторлар бар және әрбір көкөніс өсірушісі үшін дұрыс таңдау жасау маңызды. Бұл үшін олардың сипаттамаларын зерттеу және оларды дұрыс қолдану қажет [5].

Жылыжай топырағына көкөніс дақылдарының ішінде қияр тұқымын себуден дақылдың жаппай көктеуі пайда болғанға дейінгі кезең 7-ден 14 күнге дейін ауытқыды. Қиярдың жаппай көктеуінен бірінші жемістерін жинауға дейінгі кезең 70-75 күнді құрады. Жеміс беру кезеңі, яғни бірінші және соңғы жинау арасындағы уақыт аралығы орташа 60-68 күнді құрады. Жылыжайда тұқымдарының жаппай өнуінен соңғы өнімді жинауға дейінгі қиярдың вегетациялық кезеңінің ұзақтығы сорттардың ерекшелігіне байланысты 135-142 күнді, яғни 4-5 айды құрады.

Бақылау тобының өнімділігі $11,2 \text{ кг/м}^2$ құраса, ал тәжірибелік топтарда Биодукс, ж. $0,2 \text{ мл/кг}$ (тұқымды реттеуішпен байыту) $12,6 \text{ кг/м}^2$, Биодукс, ж. $2,0 \text{ мл/га}$ (вегетациялық кезеңі) $12,8 \text{ кг/м}^2$, Биодукс, ж. $5,0 \text{ мл/га}$ (вегетациялық кезеңі) $13,0 \text{ кг/м}^2$, Новосил $0,2 \text{ мл/кг}$ (тұқымды реттеуішпен байыту) $12,1 \text{ кг/м}^2$, Новосил $2,0 \text{ мл/га}$ (вегетациялық кезеңі) $12,2 \text{ кг/м}^2$, Новосил $5,0 \text{ мл/га}$ (вегетациялық кезеңде бұрку) $12,5 \text{ кг/м}^2$ құрады (1-диаграмма).




Диаграмма 1. Қияр мен бұрыш дақылының өнімділігінің көрсеткіштері, кг/м^2

Жылыжай жағдайында қияр жемістерінің жоғары өнімі мен вегетативтік биомассасын қалыптастыруда қолданылатын минералдық тыңайтқыштардың рөлі маңызды. Көкөніс дақылдарының ішінде қызанақ, қияр, бұрыш және орамжапырақ буданына Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеуіштерінің қиярдың өсу процесіне қалай әсер ететіндігін қарастырдық. Биодукс, ж. $5,0 \text{ мл/га}$ (вегетациялық кезеңде шашу) қолданылған топ және Новосил $5,0 \text{ мл/га}$ (вегетациялық кезеңде шашу) қолданылған топ қияр мен қызанақтың өсу процесінде басқа топпен салыстырғанда ең жоғарғы өнімділікті көрсетті.

Кесте 1. Қияр Уран F1 және қызанақтың Розана F1 буданының өсу процесі кезеңінде Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеушінің әсері (2019 ж)

№	Тәжірибелік түрлері	Негізгі сабақтың орташа биіктігі, см	Бақылау, %	Бір бұтадағы жапырақтың орташа саны	Бақылау, %	Жапырақтың жоғарғы аймағының орташа көлемі, см	Бақылау, %
1	Бақылау тобы (өңделмеген)	128,9	100,0	11,9	100,0	287,6	100,0
2	Биодукс, ж.0,2 мл/кг (тұқымды реттеуішпен байыту)	150,1	110,0	14,3	112,3	310,1	111,7
3	Биодукс, ж.2,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу)	153,4	111,4	14,7	113,6	312,5	112,3
4	Биодукс, ж.5,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу)	158,7	115,2	14,9	115,0	315,7	113,4
5	Новосил 0,2 мл/кг (тұқымды реттеуішпен байыту)	145,6	104,2	13,5	111,2	301,8	110,2
6	Новосил 2,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу)	147,2	105,1	13,7	111,6	302,9	111,4
7	Новосил 5,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу)	148,3	107,6	13,8	111,7	304,4	113,8




Диаграмма 2. Орамжатырақтың буданының өсу процесі кезеңінде Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеуішінің қолдану нәтижесі зерттелген.

Орамжатырақтың буданының өсу процесі кезеңінде Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеуішінің қолдану нәтижесінде негізгі сабақтың орташа өсу биіктігі 2-суретте көрсетілгендей қолданылған өсімдік реттеуіштер өте жоғарғы нәтиже көрсетті. Өлшемге алынған негізгі сабақтың орташа өсу биіктігінен бақылау тобының төмен көрсеткішке ие болғанын байқаймыз (3-диаграмма).




Диаграмма 3. Орамжатырақтың буданының өсу процесі кезеңінде Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеуішінің қолдану нәтижесінде бір бұтадағы жапырақтың орташа саны.

Биодукс, ж.5,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу) тобының бір бұтадағы жапырақтың орташа саны 15, ал бақылау тобында 12, Новосил өсімдік реттеуішін қолданған топтарда 13,5-13,8 аралығын көрсетті (сурет 8).

Қияр жапырағының жоғарғы аймағының орташа көлемі (см) Новосил және Биодукс өсімдік реттеуіштерін қолданған топтарында жоғары екенін байқаймыз. Бақылау тобы 287,6 см. басталса, ал Биодукс, ж. 0,2 мл/кг (тұқымды реттеуішпен байыту) тобында – 310,1 см., Биодукс, ж. 2,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу) тобында -312,5 см., Биодукс, ж. 5,0

мл/га (вегетациялық кезеңде шашу) тобында 315,7 см. ең жоғарғы көрсеткіштер көрсетілді (4-сурет).




Диаграмма 4. Қияр Уран F1 буданының өсу процесі кезеңінде Биодукс, ж. және Новосил өсімдік реттеуішінің қолдану нәтижесінде жатырақтың жоғарғы аймағының орташа көлемі (см).

Қорытынды

1. Жылыжай жағдайында Көкөніс дақылдарының ішінде қызанақ, қияр, бұрыш және орамжапырақ жемістерінің жоғары өнімі мен вегетативтік биомассасын қалыптастыруда қолданылатын минералдық тыңайтқыштардың рөлі маңызды.

Орамжапырақ буданына өсімдік реттегіш Биодукс, ж. (0,2 мл/га (тұқымды реттеуішпен байыту), 2,0 мл/га, 5,0 мл/га (вегетациялық кезеңде шашу), әр түрлі өсу кезеңдерінде қолдандық. Әсіресе осы топ түрлері басқа топтарға қарағанда ең жоғарғы көрсеткішті көрсетті. Дегенмен, бұл препараттардың биологиялық және шаруашылықтық тиімділіктерінің көрсеткіштері жоғары деңгейде болды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Келесі күні таңертең туристер орманшы үйінен, №5 қарап-көру алаңында орналасқан қасиетті «Әулие тасқа» бағыт алады. Қасиетті «Әулие тас» Сарқан ауданының Екіаша ауылы қоршаған төбелі жерінде, таулы аймақтың ортасында, құмарлы көздерден тығыла орналасқан. Қасиетті тастың ерекше орналасуы мен тастың тау етегінде өсімдік түрлерінің өсуі туристерді қызықтырады. Киелі тасқа екі маршрут жолымен баруға болады немесе қабатты баспалдақпен аспанға шыққандай туристер 300 метрге жуық жоғары қабатта орналасқан ну орман, тоғайлы алқап арасымен қасиетті тасқа көтеріледі. Одан жолаушылар Тополёвка ауылы арқылы Лепсі ауылына бағыт алып, жол бойында жергілікті халықтың демалып, шомылатын Теректі өзеннің тасты тақталарын көре алады. Теректі өзеннің суы таза, әрі тұнық. айналасы өсімдіктер дүниесіне бай, аралас орман түрлерінде – шырша, самырсын, алма ағашы, ақ қайын, көктерек, долана, итмұрын және т.б. кездеседі. Лепсі ауылына келген саяхатшылар № 6 қарап-көру алаңына аялдап, қызықты экскурсия күтіп тұрған Лепсі ауылының тұқымбағына тоқталады, яғни «Тұқымбақта» ағаш тұқымдарының 18 аса түрлері өсіріледі. Демалушылар өз қалауымен тұқымбақта егіс және жас өсімдіктерді күту туралы негізгі шараларымен таныса алады. Одан туристік топ Лепсі өзеннің жағалауында орналасқан қорғандарға, яғни № 7 қарап-көру алаңына бағыт алады. Археологиялық қазба орындарын көргеннен кейін, туристер Үйгентас шатқалындағы Тентек өзенінің оң жағалауында шекара жасағынан (шекара заставасы) солтүстігіне қарай ерте орта-ғасырдағы темір дәуірінің Үйгентас моласы орналасқан жеріне бет алады. Тентек өзенінің бірінші террасасы алаңында 500x1000м көлемін алып жатқан 150-ден аса жерлеу қорғандары орналасқан. Одан туристік топ Лепсі ауылына кері қайтып, Лепсі ауылында орналасқан Қазақстан мен Ресейдің бірігуінің аяқталуы туралы ескерткіштерін - Николь шіркеуін (қазіргі кезде жөндеу жұмыстары жүруде), бұрынғы Попков көпес үйін, Лепсі

арак-спирт зауытын, ескі ғимараттар мен абақтарды көре алады. Ескерткіштер орыстың ескі қала құрылысының мүсінін, сонымен қатар Жетісу, Орталық, Шығыс Қазақстан жерлеріне танымал түркі дәуірінің тас мүсіні «Балбықты» көріп, олардың тарихымен танысып, тамашалайды. Лепсі ауылындағы ескерткіштер біздің заманымызға дейін 6-8 ғасырларда пайда болған, ал 1991 ж. Лепсі аумағында шекара дінгегі табылған, мұндай діңгектермен Алтын орда кезінде көшпелі рулардың шекаралары белгілеген. Сонымен қатар, саяхатшылар мектеп мұражайларында экспонаттарды көріп, атақты адамдардың ғылыми еңбектерімен, ауылдың тарихымен таныса алады [4].

15. Маршрут бойынша көру алаңдарындағы табиғи нысандарының қысқаша сипаттамасы:

Маршрут бойынша қарап-көру нысандары Үлкен Басқан мен Кіші Басқан өзендері болып табылады. Маршруттың басынан Лепсі ауылына дейін табиғат әсемін шыршалы-самырсын орман белдеуі тамашалайды және де Жоңғар Алатауының өзен шатқалы, төменде жатқан алқаптары мен мұздықтарды көркем табиғат көріністерін береді.

16. Маршруттардың күрделі аумақтардағы қысқаша сипаттамасы:

Тас жолдардың жиі кездеспейтіндігінен, маршрут таулы жер арқылы өтеді. Бастапқы маршрут тас жолы Сарқан қаласынан Тополёвка ауылына дейін, бірақ күрделі жөндеу жұмысын талап етеді. Аманбектер ауылынан «Бөгетке» дейін бұралаң топырақты жолдар кездеседі. «Бөгеттен» «Кіші Басқан» орманшы үйіне, одан Баянбай ауылынан «Үлкен Басқан» орманшы үйіне дейін жол тік құламалы жолдар мен өрлі жолдар арқылы өтеді. «Үлкен Басқан» орманшы үйінен Екіаша, Тополёвка ауылдары арқылы және Лепсі ауылына дейін топырақты жолымен жүріп өту мүмкіндігі жоғары деңгейде жүруге арналған арнайы автокөліктер арқылы өтуге болады. Жаңбырлы күндері жолда су қазғындарының пайда болуынан автокөліпен жүру өте қауіпті.

17. Апаттық құбылыстардың болу мүмкіндігі байқалған кездегі туристік топтың іс-қимылы:

Маршрутта келесі апаттық құбылыстар туындауы мүмкін: сел суы, тасқын көшкін, тас құламалары. Апаттық жағдайдағы топтың іс- әрекеті:

Найзағай болған жағдайда: орман зонасында – бір-бірінен бірнеше метр арақаштықта бөлініп орналасу; аса биік қалың тамырлы ағаштардың арасында жасырыну. Ашық таулы жерлерде – төменен жасырылынатын бөлек орналасқан аумақтардағы құрғақ жерлерді тауып мүмкіншілікке қарай қозғалысты тоқтатып, жоғары қыраттардан төмен түсу. Апаттық құбылыстар байқалғанда абыржушылықсыз, үрейсіз қауіпсіз жағдайға байланысты қолайлы орналасқан орындарды тауып, жетекшінің немесе ұйымдастырушының негізгі ережелерін сақтап, орындау. Демалушылардың өмірлеріне қатер төнген жағдайда оларды құтқару шаралары жүргізіледі, яғни жетекшінің басқаруымен топты қауіпсіз жерге шығару немесе автокөлікпен жеткізу.

18. Жолдамадағы ақпараттық парақтың мәтініне ұсыныстар. Экологиялық ағартуға тиімді әсер беретін, барлық жас құрамындағы топтарға арналған «Ғылыми-танымдылық тур» маршруты автокөлікпен және жаяу жүру экскурсиясын ұсынады. Экскурсия барлық жас құрамындағы топтарға байланысты жеке және ұжымдық сипатта жүргізіледі. Экскурсиядағы тематикалық аспектілердің негізгі мазмұны:

- МҰТБ аумағындағы табиғи кешендері мен нысандары;
- Ұлттық парктің функциональді аумақтық шекаралары, құрылу тарихы, мақсаты мен міндеті; МҰТБ бөлімдерімен жұмыс істеу қызметінің мазмұны.

- Ұлттық парктің табиғи нысандары.

Экскурсияға қатысушылардың қажетті құрал-жабдықтары:

жеке – жолқапшық, тау қолайлығының жағдайына қарай жылы киім, аяқ-киім, жаңбырға қарсы жамылғы, жеке ыдыс-аяқ, төсек орын, репеленттер (масаға қарсы дәрі).

топтық – ас әзірлейтін ыдыстар мен қоқыс қаптары.

арнайы – бинокльдер, фотоаппараттар, электр шамдары.

19. Маршруттарды абаттандыру:

Барлық алаңдар қоқыс контейнерлерімен, дәретханалар және ошақтармен жабдықталған.

Белгілеу шаралары: қарап-көру алаңдарында маршрут келешектегі қозғалыс көрсеткіштерімен белгіленген.

Маршрут бойынша «Кіші Басқан», «Үлкен Басқан» 2 орманшы үйі мен Лепсі ауылында бір қонақ үйі орналасқан. Орманшы үйлері күн сәулесінің жылуымен электр қуатын беретін қозғалтқыш, рация, монша, дәрі-дәрмек қорабымен және қалқалар, жаппалар, дәретханалармен қоқысқа арналған арнайы контейнерлерімен жабдықталған

20. Мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ғылыми-техникалық кеңесінің шешімі. «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің экологиялық ағарту және туризм бөлімі мен ғылыми жұмыстар және таулы аймақтың агробиосаналуантүрлілігі бөлім қызметкерлерімен бірлесіп жүргізілген, «Этнографиялық тур» туристік маршрутын зерттеу экспедициясының және ғылыми-техникалық кеңесінің шешімімен бекітілген.

Маршрут ұлттық табиғи парк нысандарын және табиғи негіздерін бейнелеп, экологиялық ағарту мақсатына сай «Жоңғар Алатауының» ерекше табиғатын және тарихын сипаттайтын ақпараттық, туристік-экскурсия болып табылады.

Маршрутта көлікпен жүру «Сарқан қ. – Тополёвка а.» автожолы арқылы өтеді, ал қалған бөлігі топырақты – қаражолымен, ал жаяу жүру ескі соқпақ жолымен өтеді. Ұлттық табиғи парк аумағының табиғи кешендеріне кері әсерін тигізбейтін қарап-көру алаңдары қауіпсіз аймақтарда орналасқан.

Табиғи кешенге рекреациялық әрекеттің аздығы мен туристік тәртіпті сақтауды қамтамасыз ететіндер:

- туристік жерді пайдалану;
- маршруттан тыс жерге шығып кетуге және өздігінен жүруге тыйым салу;
- ұлттық парк қызметкерлері арқылы туристерді алып жүру және бақылауды жүзеге асыру;
- ерекше бағалы экологиялық жүйелер мен нысандарды қоспайтын тұрақты жерлермен аялдама аумақтарын жабдықтау және бекіту;
- ұлттық парктің табиғи кешендері мен табиғат нысандарын шексіз пайдалануға тиім салу;
- маршруттың шектеулігіне байланысты аптасына кіретін 2 топ құрамындағы демалушылардың саны 10 адамға дейін.

Маршрутты дайындау мен паспортты құрастыруға жауапты - «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің экологиялық ағарту және туризм бөлімінің қызметкерлері, Экология мамандығын түлегі Омарова Ақтілек.

21. Төлқұжаттың көшірмесі жіберілді:

1. ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті.
2. Алматы облыстық Орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекция басқармасы.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Борбасова З.Н., Подготовка специалистов для индустрии туризма: проблемы и перспективы. г. Алматы: университет «Туран», Международная научно-практическая конференция «Туристско-рекреационная сфера как фактор социально-экономического развития страны», 2011 г.

2. Туризм Казахстана в 2015 году /Статистический сборник. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2016. – 145 с.

3. Министерство образования и науки республики казахстан, проект «модернизация технического и профессионального образования» проект сборника программ туризм

(типовой учебный план, образовательная учебная программа и типовые учебные программы по специальным дисциплинам). Астана 2014

4. Жетісу Алатауында туризмді дамытудың географиялық негіздері: оқу құралы/ Е.А. Токпанов.- Талдықорған: ЖМУ, 2010. 216 б

ПРОЕКТ ЭТНОГРАФИЧЕСКОГО ТУРИЗМА В ГОСУДАРСТВЕННОМ НАЦИОНАЛЬНОМ ПРИРОДНОМ ПАРКЕ «ЖОНГАР АЛАТАУ»

Канагатова А.У., Билисбекқызы Е.

Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк создан с целью сохранения биоразнообразия и естественных горных ландшафтов, имеющих особую экологическую, генетическую, историческую и эстетическую ценность. Открытие нового природного парка явилось результатом многолетней работы экологов, специалистов в области лесного хозяйства, общественности, государственных органов.

Жонгар-Алатауский государственный национальный природный парк располагает исключительными условиями для развития этнографического туризма, а именно проект маршрутов по этнографическим объектам для познания культуры, архитектуры, быта и традиций народа с целью изучения истории нашего народа и его природных богатств.

Ключевые слова: туризм, рекреация, этнография, археология, живописные горные пейзажи, панорама ледников, маршрут, экскурсия.

PROJECT OF ETHNOGRAPHIC TOURISM IN THE STATE NATIONAL NATURAL PARK " ZHONGAR ALATAU»

Kanagatova A., Bilisbekkyzy E.

Zhongar-Alatau state national natural Park was created to preserve biodiversity and natural mountain landscapes that have special ecological, genetic, historical and aesthetic value. The opening of the new natural Park was the result of many years of work by ecologists, experts in the field of forestry, the public, and government agencies.

Zhongar-Alatau State National Natural Park has a unique natural environment for ecological and international tourism, the program of which is based on the use of unique natural features of the national park combined with the concurrent discovery of archaeological and cultural landmarks with a view to exploring our nation's history and their natural wealth.

Key words: tourism, recreation, ecological tourism, scientific and cognitive tourism, mountaineering, trekking, rafting, cycling tourism, Skiing tourism, route, tour.

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 18.10.2019ж.

ӨОЖ 574.24

РЕКУЛЬТИВИРЛЕНГЕН ТЕКЕЛІ ҚАЛДЫҚ ҚОЙМАСЫНЫҢ ТОПЫРАҒЫНДА ӨСЕТІН ӨСІМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫН ЗЕРТТЕУ

Қанаева З.Қ., Елдосұлы С.

Текелі қалдық қоймасында биотопты тудыратын өсімдіктер зерттеліп, кейіннен өсімдіктер қауымдастығы пайда болды. Онда өсімдік қоғамдастықтарының құрылысы, экологиясы және дамуы сипатталады, оларды жүйелеу принциптері баяндалады.

Кілт сөздер: экотоп, рекультивация, қалдықтар қоймасы, өсімдік, фитоценоз.

Өнеркәсіптік бүлінген жерлерді биологиялық қалпына келтіру және мониторингі – кешенді мәселе. Тұрақты, өнімді және шаруашылық құнды биогеоценоздарды қалыптастыру және әртүрлі бағыттағы фитоценоздардың дақылдарын пайдалану, оны жүргізу кезінде экотопты моделдеу жүзеге асырылады (бірінші кезекте эдафотоп).

Бұл мәселені шешу, бір жағынан, жаңа ғылыми бағыты - өнеркәсіптік ботаника: өсімдіктің құрамы мен өсу және даму ерекшеліктерін анықтау және өсімдік жамылғысының табиғи қалпына келу процесінде де, сондай-ақ биологиялық рекультивация процесінде пайда болғанда да техногендік ландшафтардың фитоценоздарының сукцессиялық ауысымдарын орнату. Екінші жағынан, фитоценоздарды құрастыру осы спецификалық неоэкотоптардағы - фитоценология және агрофитоценология дақылдарының барлық туындайтын сұрақтар кешенінің мәселесі [1; 2]. Ландшафт тұтастығының антропогендік бұзылуының әртүрлі формаларының арасында соңғы орынды байыту фабрикасы үйінділерінің қалдықтары алады. Осы сияқты үлкен үйінділер, олардың қоршаған ортаға теріс әсері рекультивация әдістерін жасауды талап етеді. Бұзылған учаскелердегі өсімдік жамылғысын табиғи қалпына келтіруге және табиғи аймақтық экожүйелерге жасанды фитоценоздарды қосуға тенденцияларды, бағыттылықты және қарқынды анықтау маңызды болып табылады.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Далалық зерттеулер қыркүйек айында Текелі қалдық қоймасы учаскесінде жүргізілді. Техногенді аумақтардың өсімдік жамылғысын зерттеу флористика және геоботаниканың жалпы қабылданған әдістеріне [3] сәйкес жүргізілді. Табиғи процестер тау-кен әзірлемелерінің тұқымдық субстраттарының өсуі өсімдіктің сингенетикалық сукцессиясына жатады.

Байыту фабрикасының техногенді неоэдафотоптардың үйінді қалдықтарының фито жарамдылығын олардың физика-химиялық және минералогиялық негізін, табиғи өзін-өзі өсіру процесі, түрлік құрамды экологиялық-биологиялық талдау [4] және өсімдік топтарының қалыптасуын индикациялық-диагностикалық бағалау кешенді зерттеу жолымен жүргізілді.

Біз 10 жылдан кейін байыту фабрикасы үйінділерінің қалдықтар жабыны бар жағдайдағы күл мен күлдің өздігінен өсетін учаскелерінде биологиялық рекультивация жүргізілгеннен кейінгі өсімдіктер мен флораның қалыптасу ерекшеліктерін зерттедік.

Зерттеу нәтижелері

Текелі Жоңғар Алатауының бөктеріндегі қабық (Қарой), шай және Текелинка өзендерінің бірігетін Қаратал өзенінің жоғарғы жағында орналасқан. Темір жол тармағының соңғы станциясы Семей - Алматы желілері. Текелі қаласы жоңғар тауларының етегінде 1930 жылдардың соңында ірі полиметалл кен орны орнында салынған. Ұлы Отан соғысы кезінде бұл кен орны елге әрбір сегізінші оқ үшін қорғасын берді.

Қала атауы жануарлар түрлерінен шыққан, бір кездері осы өзендердің шатқалдарында көп мекендеген: теке-тау ешкісі, элик-кішігірім антилопа.

Текелі 1937 жылы құрылған, қала мәртебесін 1952 жылы алған. Қала облысқа қарайды. 1970 жылдары қала өнеркәсіптік базаға ие болды: Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы Текелі қорғасын-мырыш комбинаты жұмыс істеді.

Байыту фабрикасы қалдықтарының үйінділерінде түрлі неоэдафотоптардың табиғи өсімдіктерін зерттеу кезінде түрлік құрамға, жабынға, кездесуіне және қанықтылыққа ерекше назар аударылды. Көрсетілген талдамалық белгілерді мұқият зерделеу өсу этапының сингенезі өсімдік жамылғысының қалыптасуының әртүрлі кезеңдерінде тек қана сапалы өзіндік ерекшелікті жақын анықтауға ғана емес, сонымен қатар әртүрлі техногенді экотоптардың фитоэкологиялық сәйкестігін шектейтін лимиттеуші факторларды анықтауға мүмкіндік берді.

10 жылдан кейін байыту фабрикасы үйінділерінің қалдықтарында қалпына келтіру жұмыстары басталғаннан кейін бұл биотоптардың және қалыптасатын өсімдік


қоғамдастықтарының өзіндік ерекшелігіне байланысты экотоптардың әртүрлі спектрі байқалды. Бұл үдеріске рекультивациялық іс-шаралар елеулі әсер етті. Бастапқы экотоптарды схема бойынша сипаттауға болады:

1. Дақылданбаған территория:

а) бастапқы экотоп – үйіндінің құрғақ қалдықтары, "үйіндінің таза қалдықтары»;

б) калыпты шамадан тыс ылғалдануы, "үйіндінің таза қалдықтары", тұқымның құрсауында қалуына қолайлы жағдай;

в) қалдық төмендеу, мезгіл-мезгіл су тасу (еріген сулар, күл үйіндісінен сүзу және т. б. (1-сурет).





1-сурет. Дақылданбаған территория:

- а) бастапқы экотоп – үйіндінің құрғақ қалдықтары, "үйіндінің таза қалдықтары»;
- б) қалыпты шамадан тыс ылғалдануы, "үйіндінің таза қалдықтары", тұқымның құрсауында қалуына қолайлы жағдай; в) қалдық төмендеу, мезгіл-мезгіл су тасу (еріген сулар, күл үйіндісінен сүзу).

2. Бастапқы құнарландырылған топырақ салынған аумақ: а) топырақ салынған және көпжылдық шөптер себілген үйіндінің қалдықтары; б) топырақ салынған үйіндінің қалдықтары; в)" үйінділердің таза қалдықтары " (топырағы бар жолақтар арасындағы кеңістік) (2-сурет).





2-сурет. Бастапқы құнарландырылған топырақ салынған аумақ:

- а) топырақ салынған және көпжылдық шөптер себілген үйіндінің қалдықтары;
- б) топырақ салынған үйіндінің қалдықтары;
- в) үйінділердің таза қалдықтары " (топырағы бар жолақтар арасындағы кеңістік)

Фитоценозды қалыптастыруды біз өсімдік топтарының дамуы жекелеген даналардың қоныстану сатыларынан белгілі бір тұтасу дәрежесі бар топтастыруға дейінгі және айқын білінетін фитоценодикалық қатынастармен фитоценоздың динамикалық статусын тәуелсіз анықтауды түсінеміз. Өнеркәсіптен шыққан ластаушы заттармен бұзылған жерлерде Қоғамдастықтарды қалыптастыру өзін-өзі өсірудің жеткілікті қарқынды процесімен сингенездің келесі кезендері бөлінеді:

- экотопиялық топтау (жобалық жабыны 0,1%);
- қарапайым топтастыру (0,1-5%);
- күрделі топтау (6-50%);
- фитоценоз (50% астам жобалық жабын).

Біздің жағдайда фитоценозды қалыптастыру - олар бастапқыда өсімдік диаспораларынан айырылған, бұл бос аумақтарды өсімдіктермен орналастыру процесі. Осыған ұқсас аумақтарда өсімдіктерді қалыптастыру бастапқы сукцессиялардың түрі бойынша жүріп жатыр [5]. Бұл өсімдік бұрын болмаған жаңа субстраттардағы өсімдіктердің қалыптасуының автогенді сукцессиясы.

Текелі қаласы үйінділерінің қалдықтарында фитоценоздарды қалыптастыру схемасы экотопқа байланысты нақты даталы геоботаникалық сипаттамалар негізінде құрылған, осы экотоптарда жүргізілген. Фитоценоз үйінділердің қалдықтары жағдайында қалыптасатын техногендік экожүйенің негізгі компоненті ретінде қарастырылады. Біз тек кейбір өкілдерге ғана тоқтауды жөн көрдік. "Таза қалдық үйінділер" 10 жылдан кейін пайда болды.

Зерттелетін учаскедеден горса түсті немесе горса - қанды (лат. (*Genista tinctoria*) өкілі алынды. 3-суреттен көрініп тұрғандай, шөпті (Дрок) бояу өсімдік түрі (*Genista tinctoria*) жүйелілік жағдай бойынша бұршақ тұқымдастарына (Fabaceae) жатады. Рекультивация шаралары жүргізілген қоқыс қалдықтары жиналған топырақ учаскесінде бұталар биіктігі 50-150 см түрінде өседі. Бұтақтары жалаңаш, жоғары бағытталған. Жапырақтары сызықтық немесе ланцет тәріздес формамен сипатталады, ұштары сәл өткір, негізі қаланған. Гүлдері сары түсті, қысқа гүлді, бұтақтардың ұштарында тығыз табақшаларда орналасқан, тәжі - көбелек. Жемісі сызықты, жалаңаш, пішіні сәл боб түрінде пілген. Тұқымы кара-қоңыр, сәл жылтыр, эллиптикалық пішінді. Гүлдену уақыты - маусым-шілде, жемісі пісу уақыты - тамыз-қыркүйек.



3-сурет. Дрок қанішер (*Genista tinctoria*)

Үйінділердің жоғарғы бөлігінде, сондай-ақ байыту қалдықтарының баурайларында, негізінен құмды топырақта (3-сурет) және іс жүзінде барлық аумағында өседі.

Текелі қалдық қоймасының рекультивациялық учаскесінде далалық жусан немесе жазықтық жусан (*Artemisia campestris*) мол өседі, (4-сурет). *Artemisia campestris* морфологиялық сипаттамаларына сәйкес, биіктігі 30-80 см-ге жуық қоңыр немесе қызғылт реңкке ие, көпжылдық шөпті өсімдік, төменгі бөлігінде бұдырланған сабағы бар.

Жапырақтары екі немесе үш рет қауырсындалған, ұшты сегменттері жінішке жіп тәрізді, төменгі шиіе, жоғарғы отырғыш және одан да қарапайым тілінген. Жас жапырақтары жібектей түктермен көмкерілген, бұл оларға күміс түс береді, кейін жалаңаш, қою жасыл болады.

Диаметрі 2,0-2,5 мм шар тәрізді немесе сопақ пішінді, ұсақ, кірсіз, сарғыш немесе қызыл гүлдерден тұратын себеттер борпылдақ тар бөренелі гүл шоғырына жиналған. Себеттің ортасында ақшыл гүлдер, ал шеттерінде - ала. Гүлдену кезеңі маусым, қыркүйек. Гүлдері және басқа да жусан түрлері желмен тозанданады. Жемістері - шілде-қазан айларында пісетін ұсақ қоңыр тұқым ұзындығы 1,0 мм.

Зерттелетін учаскеде дәнді дақылдарды немесе жалбыздарды кездестіруге болады (*Poaceae*) (5-сурет). Барлық морфологиялық белгілері бойынша шөгінділер аз, негізінен шөптесін өсімдіктер, ксерофильді түрлер. ТМД шегінде 400-ге жуық түр кездеседі. Табиғатта осок қарапайым өсімдік жер асты суларының тереңдігінің индикаторы бола алады. Осокта жапырақтары өткір ұзындығы 0-ден 25 см-ге дейін. Осоканың түбірлік жүйесі қосалқы тамырлармен ұсынылған. Осоканың басты түбірі басқа бір жынысты сияқты тұқым өніп шыққаннан кейін 2-3 айдан кейін өледі.



4-сурет. Далалық жусан немесе жазық жусан
(*Artemisia campestris*)

5-сурет. Астық тұқымдастар
(*Poaceae*)

Жапырақ орналасуы кезекті, үш қатарлы. Төменгі жапырақтары қабыршақты, кейбір түрлерде жок. Үстінгі жапырақтары - бұл гүл шоғырының әртүрлі пішілген жапырақтары.

Қорытынды

Осылайша, он жылдан кейін құнарландырылған Текелі қалдық қоймасында топырақ қабатын жауып, көпжылдық шөптер егілгеннен кейін, егістік түрлерінің басымдықтары бар өнімді және экономикалық тұрғыдан құнды өсімдіктер қауымдастығы пайда болады.

Фитоценоздық дақылдардың одан әрі өзгеруімен, өсірілетін түрлердің (әсіресе бұршақ дақылдарының) жабайы түрлерге біртіндеп ығыстырылуы орын алды. Биологиялық рекультивация жүргізілгеннен кейін он жылдан кейін рекультивацияланған Текелі қалдық қоймасында дәнді дақылдар немесе жалбыз (*Poaceae*), далалық жусан (*Artemisia campestris*) және бояу (*Genista tinctoria*) сияқты өкілдері басым әртүрлі шөпті-жусанды-дәнді фитоценоз қалыптасты.

Текелі қалдық қоймасындағы рекультивациялық іс-шаралар өсімдік жамылғысының қалыптасуын жеделдетеді, фитоценоздардың даму бағытын және олардың динамикасын өзгертеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Миркин Б.М. Теоретические основы современной фитоценологии. – М.: Наука, 1985. – С. 136.
2. Моторина Л.В., Овчинников В.А. Промышленность и рекультивация земель. – М.: Мысль, 1975. – С. 240.
3. Лукина Н.В. Озеленение золоотвалов тепловых электростанций Урала // Проспект ВДНХ. – Свердловск, 1964. – С. 7.
4. Шенников А.П. Введение в геоботанику. - Л. : Изд-во ЛУ им. А.А. Жданова, 1964. – С. 447.
5. Лукина Н.В. Особенности формирования флоры и растительности в условиях отвалов и карьеров открытых угольных разработок (на примере Челябинского бурогоугольного бассейна) : автореф. дис. ... канд. биол. наук (03.00.00) // ИЭРиЖ УрО РАН. – 2002. – С. 17.

**ИССЛЕДОВАНИЕ РАСТИТЕЛЬНЫХ АССОЦИАЦИЙ, РАСТУЩИХ В РАЙОНЕ
ХВОСТОХРАНИЛИЩЕ ТЕКЕЛИ**

Канаева З.К., Елдосулы С.

Растения, производящие биотоп, были исследованы в хвостохранилище Текели, после чего было создано растительное сообщество. Описаны структура, экология и развитие растительных сообществ, а также изложены принципы их систематизации.

Ключевые слова: *экологический биотоп, рекультивация, хвостохранилище, растительность, фитоценоз.*

**STUDY OF PLANT ASSOCIATIONS GROWING IN THE AREA OF THE
TEKELI TAILINGS DAM**

Kanayeva Z., Eldosuly S.

The plants producing the biotope were investigated in the Tekeli tailings reservoir, after which a plant community was created. The structure, ecology and development of plant communities are described, as well as the principles of their systematization.

Key words: *ecotope, reclamation, tailings, vegetation, phytocenosis.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 06.10.2019ж.

UDC 633.2.038.631.95

**THE EFFECT OF GRAZING ON ABOVE-GROUND AND UNDERGROUND ORGANS
OF SALSOLA ORIENTALIS S.G. GMEL**

Maussumbaeva A., Atabaeva A., Sapargalieva K.

The influence of grazing on the relationship and interdependence of above-ground and underground organs of karaoke. The conducted studies are of great practical importance for the creation of sown pastures in the desert zone of the South and South-East of Kazakhstan.

Key words: *pasturing, Salsola orientalis S.G. Gmel., root system, overground organs, sown pastures.*

The unsatisfactory state of pasture ecosystems in livestock farms in Kazakhstan puts forward the task of developing methods for restoring their biodiversity and feed productivity. In the extreme conditions of the semi-desert zone (low rainfall, salinity of the soil), it is almost impossible to grow traditional cultivated forage plants without irrigation. Therefore, the main source of plant resources, selection of new plant species for the purpose of ennobling arid pastures and biotic reclamation of degraded lands is the natural flora of deserts, semi-deserts, dry steppes. It is the wild species that inhabit arid areas that are carriers of a specific productive and adaptive potential with a high environmental function, formed in the process of evolutionary development of the species on the basis of natural selection.

Increasing the forage productivity of such pastures is an important task that can be solved by introducing new forage plants from the natural flora of arid regions of Kazakhstan into the culture and selection.

Among the new forage plants suitable for improving semi-desert pastures in the South and South-East of Kazakhstan is keireuk.

Keireuk, Solyanka East - *Salsola orientalis* S. G. Gmel. - salt-resistant and drought-resistant plant. In Kazakhstan, it grows on a vast territory of deserts, ranging from the Caspian sea, Central Kazakhstan and ending with the deserts of the southern Balkhash region. It has a wide adaptability to soils. Marked on the gray soils are mostly clayey, gravelly, solonetz, takyrs, shallow Sands, at least in saparinah and salt marshes (Fig.1).



Figure 1. *Salsola orientalis* S.G. Gmel. (keyreuk)

In this regard, the identification of promising intraspecific ecological and geographical forms of *Salsola orientalis* S.G. Gmel. on the basis of a comprehensive study and assessment is an urgent task for its introduction into the culture in arid conditions of the South and South-East of Kazakhstan.

Salsola orientalis S.G. Gmel. among the semi-shrubs introduced into the culture stands out for the greatest environmental sustainability and productivity. It is characterized by a high water-holding capacity, economical consumption of moisture during transpiration, the intensity of the photosynthesis process and the formation of a powerful root system.

The range of the keireuk in nature, which grows mainly in desert and semi-desert zones, indicates its exceptional resistance to heat and drought. Drought resistance of this plant is primarily due to the powerful root system.

The high productivity of semi-shrubs in culture is due to the rapid development of deep-penetrating and powerful root systems and economical use of soil moisture. All the studied plants of the family marena are characterized by deep root penetration into the soil with branching in different zones [1].

The power of development of the root system is correlated with that of the aboveground organs of plants. A powerful root system is one of the most important factors that determine the high productivity of aboveground organs.

The relationship between the power of the root system and aboveground organs is particularly pronounced in plants of arid zones. Here, as a rule, "the longer the vegetation period, stronger overhead weight, the more intensive growth and higher water consumption during ontogenesis, the more absorbed plant roots in the soil, the greater the thickness of the soil they master.

The structure formation of the root system of the plant largely depends on the amount and state of water and mineral resources in the soil, its mechanical composition and physical properties. In addition, the root system is affected by the degree of grazing.

According to numerous data, systematic low alienation of aboveground parts of plants has a negative impact not only on the crop, but also on the root system. The root plays an important role as a storage of spare substances, and the growth of shoots in the early stages of plant development is mostly due to the previously accumulated reserves of nutrients in the roots. Their quality and relative availability at an early stage of development of young shoots affect the subsequent growth of plants and productivity.

The root plays an important role as a storage of spare substances, and the growth of shoots in the early stages of plant development is mostly due to the previously accumulated reserves of organic substances in the roots.

Their quality and relative availability at the early stage of development of young shoots affect the subsequent growth of plants and yield [2].

The results of research have shown that at early periods of use of pastures, as well as with repeated and low bleed of aboveground parts, plants are almost completely deprived of vegetative shoots, i.e. assimilation activity. And as a result, the number of spare substances in the roots decreases, this, in turn, delays the regrowth and restoration of shoots, inhibits the development of underground organs of the root system, which leads to a weakening of the vitality indicators of *Salsola orientalis* and accordingly, the formation of the crop.

In this process, clearly shows the relationship and interdependence of above-ground and underground bodies. Intensive bleaching of aboveground organs of *Salsola orientalis* inhibits the development and normal operation of the root system. The root system of the bushes penetrating reduced from year to year. So, according to Zh. A. Zhambakin, K. M. Moldabekova, it has decreased in 7 years in a layer of 0-20 cm twice, and in a layer of 25-50 cm - 10 times.

Observations have shown that with intensive bleaching of the green mass of *Salsola orientalis*, the depth of root penetration was reduced by almost two times, while the number of surface and lateral roots decreased. On the vertical section of the soil area of intensive use, the length of the root system of the overdrawn Bush was 100-120 cm, the roots seemed to be pulled closer to the soil surface, the number of lateral roots decreased by half. If on a site of moderate use lateral roots were formed up to the sixth order, then on a site of intensive bleed - up to the third (Fig.2).




Figure 2. The root system of the *Salsola orientalis* S.G. Gmel. (keyreuk) on the sites: the moderate regime (a); intensive grazing (b).

The length of the lateral roots of the second order is 60-80 cm. the radius of distribution and the degree of branching of the root system have also decreased. There are no thin roots (hairs), which were present at a depth of less than 150 cm in the area of moderate use.

Consequently, the constant oppression of the aboveground part of the plant leads to the oppression of the root system. In areas where grazing was performed with a moderate load, the depth of penetration of the root system did not change and remained at the same level-230-250 cm. Compared to the intensive root system of karaoke moderate usage different power according to the degree of branching and depth of penetration. The high suction power of a powerful root system leads to a sufficient influx of moisture and minerals from the soil, which are deposited in underground organs as a reserve of spare nutrients.

The conducted research is of great practical importance for the creation of sown pastures in the desert zone of the South and South-East of Kazakhstan. Tests carried out in the farm of D. D. Dalibaev (Zhambyl district, Almaty region) showed that the proposed technology allows you to get stable yields of pasture feed in the summer and autumn period not less than 6.0 quintals per hectare of dry weight.

The main elements of the technology are:

- seed depth-no more than 2 cm;
- seeding rate - 2 million germinating seeds per hectare (12-15 kg);
- sowing period in winter and winter (November-January);
- method of sowing-solid, ordinary or scattered (seeders SZT-3,6 and SST-5).

The most optimal seeding of *Salsola orientalis* in a mixture with izen and teresken in equal quantities at a seeding rate of 2 million germinating seeds per hectare. In this case, the yield of pasture feed increases by 30 % compared to pure crops of *Salsola orientalis*, the protein content in pasture feed increases by 17-19 % due to different species included in the grass mixture.

Farms located in the area of traditional animal husbandry with an annual rainfall of 200-250 mm can use the developed technology of cultivation of *Salsola orientalis* and provide their animals with a full diet.

LIST OF REFERENCES:

1. Алимаев И.И. Летне-осенние пастбища из смесей полукустарников в пустыне Южного Прибалхашья //Сб. научных статей.-Алма-Ата: Кайнар, 2000.-С.43-49.
2. Nelson N.T.- The effects sreguent cuttug on the production, root reserves and behavior of alsalda of the Amer. –Soc. of Agronimy 1925 V.7 N 2. P.100-113.

ВЛИЯНИЕ СТРАВЛИВАНИЯ НА НАДЗЕМНЫЕ И ПОДЗЕМНЫЕ ОРГАНЫ SALSOLA ORIENTALIS S.G. GMEL.

Маусымбаева А., Атабаева А., Сапарғалиева К.

Исследованы влияния выпаса на взаимосвязь и взаимообусловленность надземных и подземных органов Salsola orientalis S.G. Gmel. Проведенные исследования имеют большую практическую значимость для создания сеянных пастбищ в пустынной зоне юга и юго-востока Казахстана.

Ключевые слова: *пастбище, Salsola orientalis S.G. Gmel., корневая система, наземные органы, сеянное пастбище.*

SALSOLA ORIENTALIS S.G. GMEL. ЖЕР ҮСТІ ЖӘНЕ ЖЕР АСТЫ МҮШЕЛЕРІНЕ ЖЕЛІНУДІҢ ӘСЕРІ

Маусымбаева А., Атабаева А., Сапарғалиева К.

Жайылымның жер үсті және жер асты мүшелерінің өзара байланыстылығы зерттелді. Жүргізілген зерттеулер Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысындағы шөлді аймақта егіс алқабын жайылым ретінде құру мақсатында үлкен практикалық маңызға ие.

Кілт сөздер: *жайылым, Salsola orientalis S.G. Gmel., тамыр жүйесі, жер үсті органдары, егіс алқабы.*

Материал поступил в редакцию: 11.11.2019г.

ӘОЖ 612.133

ТҮРЛІ ЖАСТАҒЫ ОҚЫТУШЫЛАРДЫҢ ҚАН АЙНАЛЫМЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІН БАҒАЛАУ

Оксикбаев Б.К., Сапарғалиева К.Б., Төлегенқызы Ә.

Жұмыста түрлі жастағы оқытушылардың қан айналымы жүйесінің функционалдық көрсеткіштері бағаланды және оның бейімделу әлеуеті анықталды.

22—30 жас аралығындағы оқытушыларының жүрек-қантамыр жүйесінің энергетикалық үнемді қызметін және ағзаның жоғары бейімделген мүмкіндіктерін көрсетті. 31-45 жас және 45 тен жоғары жастағы оқытушылардың жүрек-қантамыр жүйесі бейімделуінің әлсіреуін көрсетті.

Кілт сөздер: *түрлі жас, оқытушылар, жүрек-қантамыр жүйесі, функционалдық өзгерістер индексі, жұмысқа қабілеттіліктің деңгейі.*

Кіріспе. Қоршаған ортаның әлеуметтік және табиғи факторларына бейімделу өмірдің маңызды заңдылықтары болып табылады. Бейімделу процесін зерделеуді қазіргі заманның ең өзекті медициналық-биологиялық міндеттерінің бірі деп санаған жөн. Өмір бойы ағзаның қызмет етуін ортаның түрлі факторларына, оның ішінде кәсіби қызметтің ерекшеліктеріне бейімдеуді және орнықтылығын қамтамасыз ететін функционалдық жүйелер қызметінің құрылымдары мен тетіктерін дамыту және жетілдіру жүргізіледі.

Оқытушылардың еңбегі денсаулық үшін қолайсыз өндірістік факторлардың әсерінен туындаған кәсіби тәуекелдердің көп болуымен байланысты, оның ішінде көру және жүйке-эмоциялық шиеленіс, мәжбүрлі жұмыс отырысы, шу, уақыт тапшылығы жағдайында жұмыс істеу, гиподинамия және т.б. Олардың ішіндегі ең маңыздысы білім беру мекемесінің жағдайы және созылмалы стресс жағдайын қалыптастыратын өмір салты болып табылады.

Қазіргі уақытта елімізде оқытушылардан дене және психикалық денсаулықтың жақсы жай-күйін талап ететін, тиімді кәсіби қызметті айқындайтын білім беру реформасы белсенді дамуда. Білім беру мекемесінің түріне қарамастан педагогтар үшін оңтайлы жұмыс ортасын құру бойынша алдын алу іс-шараларын әзірлеу және ұйымдастыру ғылыми зерттеулердің негізгі бағыты болып табылады, өйткені олар өз мәні бойынша олардың өмір сүру деңгейі мен жұмысқа қабілеттілігін анықтайды.

Жүрек-тамыр жүйесі өзінің көп деңгейлі реттелуімен бүкіл ағзаның жұмыс істеуінің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ететін және кез-келген бейімделу әрекетінің индикаторы болып табылатын функционалды жүйені құрайды [1].

Осы зерттеудің мақсаты білім беруді жаңғырту жағдайында түрлі жастағы оқытушылардың қан айналымы жүйесінің қызмет ету деңгейін бағалау және оның бейімделу әлеуетін анықтау болды.

Зерттеу нысаны мен әдістері. Зерттеуге І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің жаратылыстану факультетінің оқытушылары қатысты. Тексерілуші оқытушылар үш жас тобына бөлінді: Бірінші топ 22—30 жас (10 адам); екінші топ 31-45 жас (10 адам) және үшінші топ 45 тен жоғары (10 адам).

Қан айналымы жүйесінің қызмет ету деңгейін бағалау және оның бейімделу әлеуетін анықтау үшін функционалдық өзгерістер индексі (ФӨИ) қолданылды.

Баевскийдің функционалдық өзгерістер индексі анықтау әдістемесі. қанайналым жүйесінің бейімделу әлеуетін анықтауға мүмкіндік береді. $ФӨИ (баллдар) = 0,011(ЖСЖ) + 0,014(САҚ) + 0,008(ДАҚ) + 0,014 (Ж) + 0,009 - ДС) - 0,009(Б) - 0,27$, мұнда ЖСЖ – тыныштықтағы жүрек соғысының жиілігі (соғыс/мин), САҚ және ДАҚ-шамалар тыныштықтағы систолалық және диастолалық артериялық қысымның (с.б. мм), Ж – жасы (жыл), ДС-дене салмағы (кг), Б – бойының ұзындығы (см). Тексерілгендерді әртүрлі топтарға жатқызу үшін функционалдық жағдайлардың сыныптарына келесі шкала қолданылды: жүрек-қан тамыр жүйесінің қанағаттанарлық бейімделуі 2,10 балдан аспады, бейімделу механизмдерінің кернеуі-2,11-3,20 балл, қанағаттанарлықсыз бейімделу –3,21-4,30 балл, бейімделудің бұзылуы-4,31 баллдан артық [2].

Ағзаның функционалдық резервтері туралы жүктеме сынамалары бойынша баға берілді. Қан айналымы жүйесінің функционалдық жағдайын бағалау үшін белсенді ортостатикалық сынама жүргізілді. Физикалық жұмысқа қабілеттіліктің деңгейі PWC-170 степ-тестін қолдану арқылы анықталды [3].

Сыналушы 3 минут ішінде минутына 20 көтеру жиілігімен биіктігі 35 см сатыға көтеруді жасайды (метроном жиілігі минутына 80 соққы). Метрономның бір соққысына бір қозғалыс жасалады. Жүктеме аяқталғаннан кейін пульс 10 с (P1) ішінде есептеледі. Одан әрі минутына 30 көтеру жиілігі бар жүктеме бірден орындалады (120 соғыс/мин.). Пульсті жүктеме аяқталған соң (P2) қайта есептейді. Содан кейін 1 кесте арқылы PWC170 анықтайды. Көлденең сызықта бірінші жүктемеден кейін, ал тігінен екінші жүктемеден кейін ЖСЖ табады. Екі көрсеткіштердің қиылысуы дене салмағына 1 кг санағанда PWC170 шамасын береді.

Жалпы жұмыс қабілеттілігі былайша есептеледі:

$$PWC170 (кгм/мин) = A \times M,$$

Онда:

A - салыстырмалы PWC170 шамасы (1-кесте)

M-сыналушының дене салмағы.

Степ-тест арқылы PWC170 / кг салыстырмалы анықтау (1-кесте).

Кесте 1- PWC170 шамасы

Баспалдаққа шығу кезіндегі 10 с ішіндегі пульс	1-Жүктеме(P1)													
	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28
2-Жүктеме (P2)														
18	22.7													
19	18.9	21.9												
20	16.6	18.2	20.7											
21	15.0	16.0	17.3	19.2										
22	13.8	14.5	15.3	16.2	18.0									
23	13.0	13.5	13.9	14.4	15.3	16.8								
24	12.4	12.7	12.9	13.2	13.7	14.4	15.6							
25	11.9	12.1	12.2	12.3	12.6	13.0	13.5	14.4						
26	11.4	11.6	11.7	11.7	11.8	11.9	12.7	12.6	13.3					
27	11.2	11.2	11.2	11.2	11.3	11.3	11.4	11.5	11.7	12.0				
28	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8	10.8			
29	10.5	10.5	10.4	10.4	10.4	10.4	10.3	10.2	10.2	10.1	9.6	9.6		
30	10.3	10.3	10.2	10.2	10.1	10.1	9.9	9.9	9.7	9.6	9.4	9.0	8.4	
31	10.1	10.1	10.0	9.9	9.8	9.8	9.7	9.6	9.4	9.3	9.0	8.6	8.1	7.2
32	10.0	9.9	9.8	9.7	9.6	9.6	9.4	9.1	9.0	8.7	8.4	7.9	7.6	7.2
33	9.8	9.8	9.6	9.6	9.5	9.4	9.3	9.1	9.0	8.6	8.5	8.3	7.8	7.2

Зерттеу нәтижелері вариациялық-статистикалық өңдеуден өтті. Орташа арифметикалық айырмашылықтардың шынайылығы Стьюдент әдісімен анықталды. Айырмашылық $p < 0,05$ және $p < 0,01$ кезінде дұрыс деп саналды.

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау. Вегетативтік салада артериялық қысымды зерттеу нәтижелері АҚс жас артқан сайын анық жоғарылағанын көрсетті ($p < 0,05$) (2-кесте). Мысалы, оқытушылардың I тобының 70%-да АҚс қалыптан төмен болып шықты, II топ оқытушыларының 48%-да – қалыпты шекте, ал III топтың 50%-да – қалыптан жоғары.

Оқытушылардың жүрек-қантaмыр жүйесінің функционалдық жай-күйінің жас бойынша нашарлауы функционалдық өзгерістер индексі (ФӨИ) арқылы алынған нәтижелерден көрінді.

Кесте 2- Түрлі жастағы адамдардың физиологиялық көрсеткіштері ($M \pm m$)

Көрсеткіштер	Зерттелушілер		
	I топ (n = 10)	II топ (n = 10)	III топ (n = 10)
ЖСЖ(соғыс/мин)	70±2,85	73±1,52	81±4,15**
САҚ (мм с.б.)	110±2,72	120±3,14*	125±3,12**
ДАҚ (мм с.б.)	69±3,01	79±1,62	82±4,77
ФӨИ (шартты бірл.)	2,08±0,13	2,48±0,07*	2,94 ±0,09**
PWC-170 (кгм/кг)	15,03 ±1,06	13,20±0,73*	өткізілмеді

*Ескертпе: $p < 0.05$ — I және II топ арасындағы айырмашылық анық. * * — $p < 0.05$ - II және III топтар арасындағы айырмашылықтар шынайы.*

Қан айналым жүйесі жекелеген мүшелер мен жүйелердің қажеттіліктерінің шамалы өзгеруіне нақты жауап береді және олардағы қан ағымын гемодинамикалық көрсеткіштермен өзгертін деңгейде үйлестіруді қамтамасыз етеді [4]. Қазіргі уақытта жүрек-қан тамырлары жүйесі денсаулық жағдайы мен ауруларындағы ауытқуларды анықтауда маңызды болып табылады [5].

Сонымен, III топ оқытушыларындағы ФӨИ мәні I топтағы оқытушылардан жоғары болды. ($p < 0,01$) және II топтар ($p < 0,05$) (2-кесте). ФӨИ жеке мәндерін талдау кезінде I және II топ оқытушыларының көпшілігі бейімделу жағдайы қанағаттанарлық деңгейде екені анықталды. Алайда, жасқа байланысты олардың санының азаюы назар аудартады: I топта 80% дан, II топта 66%-ға дейін. III топ оқытушылары арасында қанағаттанарлықсыз бейімделу жағдайындағы адамдар басым (50%) болды. I топ оқытушыларының көпшілінде ортостатикалық реакциясы қалыпты болы, ал II және III топ оқытушыларында ағзаның резервтік мүмкіндіктерінің төмендеуін көрсететін ЖЖӘ симпатикалық бөлімінің белсенділігінің басымдылығы анықталды. PWC-170 анықтамасы оқытушылардың физикалық жұмыс қабілеттілігінің деңгейі II топ оқытушыларында I топтағы оқытушыларынан төмен екендігін көрсетті ($p < 0,05$) (2-кесте), II топ оқытушыларының резервтік мүмкіндіктерінің азайғанын дәлелдейді. Жеке мәліметтерді талдау көрсеткендей, I топ оқытушыларының 40% тиісінше төмен және жоғары дене жұмысқа қабілеттілігін, ал II топтың 44%. – орташа мәнді көрсетті.

Қорытынды. Әр түрлі жас топтары оқытушыларын зерттеу нәтижесінде алынған деректерді салыстырмалы талдау I топ оқытушылары жүрек-қан тамыр жүйесінің энергетикалық үнемді қызметін және ағзаның жоғары бейімделген мүмкіндіктерін көрсетеді. Оларға қарағанда, II және III топтағы оқытушылардың жүрек-қан тамыр жүйесінің реттеу механизмдерінің кернеуін және бейімделудің әлсіреуін көрсетті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Башкирева А.С. Влияние биологического возраста на профессиональную работоспособность // Физиология человека. 2001. Т. 27. № 3. С. 104—112.
2. Баевский Р.М., Берсенева А.П. Оценка адаптационных возможностей организма и риск развития заболеваний. М.: Медицина, 1997.
3. Карпман В.Л., Белоцерковский З.Б., Гудков И.А. Тестирование в спортивной медицине. М.: ФиС, 1988. — 208 с.
4. Гора Е.П. Экология человека. Учебное пособие. — М.: Дрофа, 2007. — 544 с.
5. Бузунов В.А. Производственные факторы и возрастная работоспособность. Киев.: Здоров'я, 1991.

ОЦЕНКА ФУНКЦИОНАЛЬНЫХ ПОКАЗАТЕЛЕЙ СИСТЕМЫ КРОВООБРАЩЕНИЯ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ РАЗНОГО ВОЗРАСТА

Оксикбаев Б.К., Сапарғалиева К. Б., Толегенқызы А.

В работе оценивался функциональный уровень системы кровообращения преподавателей разного возраста и выявлен его адаптационный потенциал.

Преподаватели в возрасте от 22 до 30 лет показали экономичную энергетическую деятельность сердечно-сосудистой системы и высокоспециализированные возможности организма. У преподавателей в возрасте от 31-45 лет и старше 45 лет выявлено ослабление адаптации сердечно-сосудистой системы.

Ключевые слова: *разные возраста, преподаватели, сердечно-сосудистая система, индекс функциональных изменений, уровень работоспособности.*

ASSESSMENT OF FUNCTIONAL INDICATORS OF THE BLOOD CIRCULATION SYSTEM OF TEACHERS OF DIFFERENT AGE

Oxikbayev B., Sapargalieva K., Tolegenkyzy A.

The work evaluated the functional level of the circulatory system of teachers of different ages and revealed its adaptive potential.

Teachers aged 22 to 30 years showed the economical energy activity of the cardiovascular system and the highly specialized capabilities of the body. Teachers aged 31-45 years and older than 45 years showed a weakening of the adaptation of the cardiovascular system.

Key words: *different ages, teachers, cardiovascular system, index of functional changes, level of performance.*

Мақаланың редакцияға келіп түскен күні: 02.10.2019ж.

ӘОЖ 612.1/8

«ҚОССОР» КЕН ОРЫНЫНДАҒЫ БАЛШЫҚТАРДЫҢ ЕМДІК-САУЫҚТЫРУ РЕКРЕАЦИЯСЫН ДАМУҒА МИКРОБИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САНИТАРЛЫҚ ГИГИЕНАЛЫҚ ЖАРАМДЫЛЫҒЫН БАҒАЛАУ

Тоқпанов Е.А., Биржанова З., Уқушева Т.К.

Алакөл көлінің оңтүстік жағалауында бірегей «Қоссор» емдік балшық кен орыны орналасқан. Онда емдік-сауықтыру рекреациясын дамытуға мүмкіндік беретін құрамында еріген алуан түрлі химиялық элементтерге бай шпалы балшықтар, пелоидтар мен минералды сулар бар.

Мақалада «Қоссор» кен орынындағы емдік балшықтардың микробиологиялық және санитарлық-гигиеналық жарамдылығын зерттеу нәтижелері қарастырылған.

Соңғы кезеңдерге дейін ғылыми зерттеулер мен жобаларда Алакөл жағалауындағы емдік балшықтардың микробиологиялық құрамын анықтау негізінде емдік-сауықтыру рекреациясын дамытуға жарамдылығын бағалау мәселелеріне қатысты мәліметтердің аз болуы зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Кілт сөздер: *Қоссор, пелоид, емдік балшық, рапа, микробиология, патогенді микроағзалар*

Кіріспе. Алакөл ауданындағы Ақтүбек ауылының батысында 357,5 метр биіктікте суы мен пелоидтарының құрамында еріген химиялық элементтерге бай адам ағзасына жағымды әсер ететін бірегей Қоссор емдік балшық кен орыны бар. Географические координаттар: 46°13'с.е., 80° 46' ш.б.

2017-2019 жылдар аралығында жүргізілген экспедициялық зерттеулер барысында суы мен емдік балшықтарына алынған сынамаларға жасалған талдаулар құрамында микроэлементтерге бай Қоссор кен орыны көктемде еріген қар суының жазда қарқынды булану нәтижесінде түзіледі деген қорытынды шығаруымызға мүмкіндік берді.

Ғылыми зерттеулер мен жобаларда аридті климат жағдайында шағын тұйық көлдер суының жазда құрғауынан тұзға қаныққан емдік балшықтар мен пелоидтардың түзілуі,

коректену режимі, сонымен қатар, емдік-сауықтыру рекреациясына микробиологиялық және санитарлық гигиеналық жарамдылығын минералдық ресурстарының емдік-сауықтыру рекреациясы мен демалысты дамыту мақсатында пайдалануға жарамдылығын бағалау мәселелері әліде зерттеуді қажет етеді.

Ғылыми әдебиеттерде құрылықтық тұйық көлдерде емдік балшықтар мен пелоидтардың түзілу үрдісі, құрамындағы микроағзалардың құрамының оларды емдік мақсатқа жарамдылығын бағалау мәселелері туралы бір текті тұрғылардың болмауы 2017 жылы жазда Қоссор кен орынының емдік балшықтарының микробиологиялық және санитарлық гигиеналық жарамдылығын зерттеуге негіз болды.

Материалдар мен зерттеу әдістері. 2017-2019 жылдар аралығында Қоссор кен орынының әр түрлі бөлігінен Жер бетінен, 20 см, 30 см, 40 см тереңдіктен 5 қосыннан емдік балшықтардан 16 сынама алынды.

Талдау жұмыстары Қазақстан Респубикасының білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің Микробиология және вирусология ғылыми зерттеу институтының азотты фиксациялайтын микроағзалар биологиясы зертханасында жүргізілді.

Сынамаларды талдауға автоматты реттегіші барэлектрлі «Binder» термостаты, Leica DC 300F сандық бейне камерасы бар Leica DMLS биологиялық микроскопы, микроағзалар шоғырын санайтын құрал-Горьев камерасы, Mettler Toledo маркалы MP220 рН метрі қолданылды

Зерттеу барысында емдік балшық үлгілерін талдауға дайындау және өңдеу, микробтардың жалпы санын, лактозаға оң ішек таяқшаларын, *Pseudomonas aeruginosa* анықтау әдістері пайдаландық.

Эксперименттік бөлім. 2017-2019 жылдар аралығында Алакөл жағалауындағы «Қоссор» кен орынының балшығының емдік-сауықтыру рекреациясын дамытуға микробиологиялық және санитарлық гигиеналық жарамдылығын зерттеу мақсатында 4 экспедиция ұйымдастырылды 2019 жылы 10-25 қыркүйек аралығында Алматы қаласындағы Қазақстан Респубикасының білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитетінің «Микробиология және вирусология» ғылыми зерттеу институтының азотты фиксациялайтын микроағзалар биологиясы зертханасында емдік-сауықтыру мақсатында пайдалануға жарамдылығын анықтау мақсатында санитарлық-микробиологиялық көрсеткішіне зертханалық талдау жасалды.

Ғылыми жазба деректерге талдау жасай отырып біз емдік балшықтардың құрамында тіршілік ететін микроағзалардың көп болатынын анықтадық. Құрамындағы бактериялардың, саңырауқұлақтардың, тағыда басқа құрамдас бөліктерінің белсенді әрекеті су түбіне шөккен тіршілігін жойған ағзалар қалдықтарының ыдырауын жеделдетіп, емдік балшықты гуминді заттармен, шайырмен байытып күкіртсутектің, аммиактың және басқада газдардың мөлшерін арттырады. Олардың тұрақты белсенділігі дәрумендер, ферменттер, гормондар сияқты тұрақсыз микро құрамдас бөліктерінің балшық құрамында тұрақты түрде болуын қамтамасыз етеді.

Құрамында болатын микроағзалар адамдар емдік мақсатта пайдаланған соң балшықтардың өзін-өзі тазалауына мүмкіндік береді.

